





ТАЛҚЫ

# ҚАЖЕТТІ СУ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

3-4 мамыр күндері Қызылорда қаласында Мемлекетаралық үйлестіруші су шаруашылығы комиссиясының 73-ші отырысы өтіп, оған Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан елдерінің салалық министрлік өкілдері ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев, Өзбекстан Республикасының су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев, Тәжікстан Республикасының энергетика және су ресурстары министрінің бірінші орынбасары Султон Рахимзода және Түркіменстан су және ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Магтымгулы Байрамдурдыев қатысты.

Мемлекетаралық үйлестіруші су шаруашылығы комиссиясы 1992 жылы Орталық Азия елдерінің Арал теңізі бассейніндегі су шаруашылығы мәселелері бойынша шешім қабылдау алаңы ретінде құрылып, бұған дейін 72 отырысын өткізген.

Бұл жолы Қызылордада мемлекетаралық комиссия 2017-2018 жылдары Сырдария мен Өмудария бассейндеріндегі вегетацияаралық кезең қорытындысын талқылап, 2018 жылы вегетациялық кезеңде су алу лимиттері мен су қоймаларының жұмыс кестесін бекітті. Сондай-ақ, «Арал теңізі бассейнінің су ресурстарын кешенді басқару, пайдалану және қорғауына акпараттық-таңдаулы қамтамасыз ету және Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Өзбекстан арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру жөнінде» келісім жобасы бекітілді. Одан бөлек, қатысушылар мемлекетаралық комиссияның жұмысын күшейту мәселелерін талқылап, 74-ші отырысты өткізу бағдарламасы мен орын келісті.

Облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов атап өткендей, биыл болжам бойынша су аз болады, сондықтан су ресурстарын мемлекеттер арасында үлестіру мәселесі өте маңызды, әсіресе Сырдария өзенінің төменгі ағымында орналасқан Қызылорда облысы үшін өзекті болмақ.

– Қысқы вегетациялық кезеңде қай мемлекет қанша көлемде су қолданды, соның қорытындысын шығардық. Баршаға



белгілі, өткен жылы су мол болды. Соған байланысты қолданылған су көлеміне қатысты ешкімнің өкпесі жоқ. Ал биыл су тапшылығы болады деп күтілуде. Міне, бүгінгі комиссия отырысының екінші бөлігін әр мемлекеттің үлесін белгілеуге арнадық. Бір келісімге келдік. Соған сәйкес, біз биыл қажетті көлемдегі суды аламыз, – деді ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Ерлан Нысанбаев комиссия отырысынан кейін журналистерге берген сұхбатында.

\*\*\*

Шараға қатысушылар облыс әкімі Қырымбек Көшербаевпен кездесті. Облыс басшысы өңірдегі жетістіктер жайлы айтып, атқарылып жатқан бірқатар жұмыстарды саралады.

Сонғы жылдары өңірде барлық салада қарқынды бастамалар жүзеге асуда. Экономиканы әртараптандыру өз нәтижесін берді. Өткен жылы күріштен тұңғыш рет жарты миллион тоннадан астам Сыр салысы жиналды. Әлеуметтің әлеуеті де артып келеді. Салынып жатқан тұрғын үй құрылысы жыл санап қарқын алуда. Аймақта жастар мәселесіне кеңінен көңіл бөлінуде. Ресейде оқып жатқан Сыр перзенттерін айтпағанның өзінде, бытырғы түлектердің 97 проценті жоғары және арнаулы орта оқу орындарына түскен. Аймақ басшысы кездесуде Арал теңізі мәселесіне де кеңінен тоқталды.

– Су ресурстарын тиімді пайдаланып, су алу лимиттерін сақтау бойынша жұмысты

әрі қарай күшейту керек. Бұл 15 наурыз күні Астана қаласында өткен Мемлекет басшыларының кездесуінде талқыланды. Ал, тамыз айында Ашхабатта Халықаралық Арал теңізін құтқару қорына қатысушы елдердің Мемлекет басшылары кеңесінің отырысын өткізу жоспарлануда, – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ, облыс әкімі Мемлекет басшыларының отырысына орай комиссия жұмысын әрі қарай жетілдіру жөнінде ұсыныс білдірді.

Кездесуге қатысушылар комиссия отырысының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және оның жұмысына барынша ықпалдастық жасалғанын атап өтті. Мәселен, Өзбекстан Республикасының Су ресурстары министрі Шавкат Хамраев суды пайдалану мәселелері Орталық Азия елдері үшін аса маңызды екенін және өз тарапынан осы салада әріптестік орнатуға дайын екенін жеткізді.

Айта кетейік, биыл Халықаралық Арал теңізін құтқару қорының құрылғанына 25 жыл толды. 1993 жылы 25 наурызда Мемлекет басшыларының Қызылорда қаласында өткен саммитінде қорды құру жөнінде шешім қабылданған болатын. Мемлекетаралық комиссияның 74-отырысы Ашхабат қаласында осы жылдың қыркүйек айында өткізіледі деп жоспарлануда.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,**  
**Әзиз БАТЫРБЕКОВ,**  
«Сыр бойы».

## СОЛ ЖАҒАЛАУ: АЛҒАШҚЫ НЫСАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

**Қызылорда қаласында салынып жатқан «Рухани жаңғыру» орталығы ғимаратының құрылысы аяқталды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бейсенбіде сол жағалаудағы жұмыс барысымен танысты.**

Орталықты салу кезінде бұрынғы Қазақ орталық атқару комитеті ғимаратының сызбасы негізге алынды.

1925 жылы осы нысанда «қазақ» деген тарихи атауды қайтару туралы қаулы қабылданған болатын. Осылайша еліміз «қырғыз-қайсақ» атауынан арылып, Алаш зиялылары мен ардақтыларының арманы орындалды. Алайда тарихи нысан кезінде бұзылып кетті. Жергілікті ғалымдар кейін оның сызбасын мұрағаттан тапты. Бұл тарихи шешім қабылданған орынды қайтадан бірдей үлгіде салып шығуға мүмкіндік берді. Ғимараттың бір жағында аймақтық

«Рухани жаңғыру» орталығы, ал бір жағында музей орналасады.

– Сырдария өзенінің сол жағалауы игеріле бастағалы алғаш салынып біткен орталық ғимараты болды. Мемлекеттік комиссия ғимаратты қабылдап алды. Қазақ орталық атқару комитетінің ғимаратының сызбасымен салынған нысан астана болған Ақмешіте халыққа қызмет еткен Жалау Мыңбаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Ұзақбай Құлымбетов, Әлихан Бөкейханов секілді Алаш қайраткерлерінің ұлт алдындағы еңбегіне құрмет іспетті, – дейді орталық директоры Нұрлыбек Мынжасов.



## ЖОБАЛЫҚ БАСТАМАЛАР ЖҮЙЕЛІ ІСКЕ АЙНАЛДЫ

**Бейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жобалық басқару бойынша сараптамалық кеңестің отырысы өтті. Онда осы бағыттағы жұмыс қорытындылары және алдағы міндеттер талқыланды.**

Жобалық басқару аясында І тоқсанда атқарылған жұмыс жөнінде алдымен облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким баяндады. Оның айтуынша, барлық мақсатты көрсеткіш орталық мемлекеттік органдар штабымен келісілген. Сонымен қатар, өңірлік жобалық бастамалар әзірленіп, үйлестіру штабына ұсынылды.

Базалық индустрияландыру бағытында қазіргі күні құны 359 млрд теңгегі құрайтын 4 жобалық бастама жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда 2,7 млн жұмыс орын құру жоспарланған. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағыты 3 жобаны қамтиды. Олар – агроөнеркәсіп субъектілері үшін қаржының, сауда нарығының қолжетімділігі және экспортты дамыту, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін шет ел нарығына шығару және жаңа нарықты игеру.

Есепті кезеңде «Агробиржа» электронды сауда алаңын құру бастама-сы аясында экспорт көлемін көбейту және өнеркәсіп инфрақұрылымын қамтамасыз етуге бағытталған сайт пайда болды. Енді оны тек тауар өндірушілермен толтыру қажет. Жыл аяғына дейін күршіті – 44%, етті – 27%, бәкіша өнімдерін – 20%, құнбағыс майының экспорт көлемін 5%-ке арты-руы көзделіп отыр. Инвестиция тарту жобасы шеңберінде ет комбинаты, жы-лықай, сүт-тауарлы фермасы, күріш зауыты сияқты бірқатар нысанның құрылысы жүргізіледі.

Сауда саласын жаңғырту бағытында облыс орталығында «АғауCityMal» сауда және ойын-сауық орталығы салынып жатыр. Кешен осы жылдың екінші жартысында қолданысқа беріледі. Сондай-ақ, бүгінде қалада «Сыбаға», «Жайна» базарлары жаңғыртылып, «Қорқыт» сауда орнының құрылысы жүріп жатыр.

– Жаппай кәсіпкерлікті дамы-ту, халықты жұмыспен қамту, инве-стиция тарту бағыттары аймақ үшін аса маңызды. Шағын несенелендіруге облыстық бюджеттен — 1 млрд, басқа көздерден 2 млрд теңге бөлініп отыр. Жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруы үшін 3 млн теңгеге дейін қайтарымсыз гранттар беріледі, – деді Евгений Ким.

Бизнесті жүргізуде кездесетін әкім-шілік кедергілерді төмендету бағы-тында өңірде «Бір терезе» принципіне негізделген кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы жұмыс істеп тұр. Жұмыссыздық пен өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған азаматтар қатарын азайту мақсатында да бірқатар ба-стама қолға алынды. Атап айтқанда, биыл алғашқы тоқсанда 500-ден астам қызылордалық еліміздің солтүстік өңірлеріне көшіп баруға ниет білдірген. Еңбек ресурстары ағынын реттеу-ге кәсіпорындар да ықпал етуде. Жыл аяғына дейін 20-ға жуық ірі кәсіпорынмен осы мақсатта келісім жа-сау жоспарланған.

Елбасы тапсырмасына сәйкес денсаулық сақтау саласын цифрлық

бағдарламаға көшіру бағытында ай-мақта ауқымды жұмыстар жүзеге асы-рылуда. Басқарма басшысы Ақмарал Әлиязарова үстiмiздегi жылы тұр-ғындарға ақпараттық және электронды көмек көрсету мақсатында мобилыдi қосымша қолданысқа енгiзiлгенiн атап өттi. Мобилыдi қосымшаның мүмкiндiгi мол. Атап айтсaq, тұрғындар дәрігерге алдын ала жазылып, үйге шақырып және емханаға жазылғаны туралы ха-барлама ала алады. Тiптi, пациенттiң зерттеу нәтижелерiн емханаға бармай-ақ, қосымша модулі арқылы көруiне болады.

Сондай-ақ, бұл салада телемеди-цина жадығы кешенiн орнату жо-басы қолға алынды. Жобаның құны – 21 млн теңге. Телемедицина жо-басының тиiмдiлiгi неде? Жоба арқылы ауыл тұрғындары үшiн медициналық көмектiң қолжетiмдiлiгi артады. Дертiнiң диагнозын таппай, әр емхананың табалдырығын тоздырған науқастарға дәрігерлер жедел түрде кеңес берiп, шалғайдағы ауыл тұрғындарына мамандандырылған медициналық кө-мек көрсетiледi. Басты мақсат – шу-ғыл көмек қажет ететiн науқасты ажалдан арашалап қалу. Телемеди-цина жобасының тиiмдiлiгi артып, бүгiнде диагноз нақтылап, электронды емделетiндердiң қатары артып келедi. Елiмiз бойынша кардиолог, педиатр, невролог дәрігерлердiң бейнекесенiсе сұраныс көп. Демек, алыстағы елдi мекендердегi дәрігер тапшылығын те-лемедицина арқылы азайтуға мүмкiндiк бар. Телемедицина жадығы кешенi облыстық медицина орталығында орна-ласатын болады.

Жиын барысында облыстық та-рихи-мәдени мұра объектілерінің 3D форматтағы интерактивті картасын жайылу жобасы ұсынылды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Абуо-ванын айтуынша, жоба «Цифрлық Қазақстан» және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы ая-сында жүзеге асырылады. Бүгінгі күні аймақта 286 ескерткіш бар. Оның 30-ы республикалық, 256-сы жергілікті маңызды бар ескерткіштер қатарында. Осыған дейін аталған нысандар туралы ақпараттарды облыс әкімдігінің ресми-интернет ресурсы, геопортал, облыстық мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің ар-найы сайтынан таба алатын едік. Енді мәдени мұра, тарихи ескерткішті танып-білуге деген қолжетімділік артатын бо-лады. Жоба бойынша облыс көлеміндегі 150 ескерткіштің 3D форматтағы ин-терактивті картасы жасақталады. Ал-дымен ЮНЕСКО-ның алын ала тізіміне енгізілген ескерткіштер, кейін республикалық, жергілікті тізімдегі ескерткіштердің виртуалды нұсқасы жасалмақшы. Интерактивті картада ескерткіштер арнайы белгілермен бел-гіленген, қолданушы басқару нүктелері арқылы өзіне керекті ақпаратты ала алады. Ескерткіштің толық вирту-алды моделін, барлық ракурсынан түсірілген бейнесін 3D форматта көруге болады. Бұл – тарихи мұраны көзбен көріп, қолмен ұстағандай сезініп, толық танысуға мүмкіндік бар деген сөз. Картадағы мәліметтер үш тілде беріледі. Жоба барысында «Қызылорда ескерткіштері» атты сайт ашыла-ды. Аталған жобаны жүзеге асыру кезінде далалық экспедиция зерттеу

**2** №65-66 (19548-19549)  
6 мамыр, жексенбі  
2018 жыл

«Промстройсервис» ЖШС бас ди-ректоры Манарбек Еспембетовтің ай-туынша, құрылыс жұмысы төрт айға созылды. Енді тек ішкі шаруасы қалып тұр.

– Кірпішті Ресейдің Белго-род қаласынан алып келдік. Бұрын пайдаланылған Николай кірпіші та-былмады. Ал есік-терезелері, басқа да жабықтары осы заманғы дүниелер, – дейді мердігер компания директоры.

Жана нысанда аралап көрген аймақ басшысы қалған жұмыстың сапалы атқарылуын тапсырып, сол жағалаудағы құрылыс барысы қатаң бақылауда бола-тынын жеткізді.

**Назерке САНИЯЗОВА,**  
«Сыр бойы».

## АРДАГЕРЛЕР – АРДАҚТЫЛАР

**Қос мереке қарсаңында облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы мен “Жас Отан” Жастар қанаты, “Ар-дагерлерді ардақтайық” ерікті-лер тобының ұйымдастыруымен ҰОС және тыл ардагерлерімен кездесу болып өтті. Шараға Ауған соғысы, Чернобыль апаты жоюшылар, “Невада-Семей” қозғалысының төрағалары мен ерікті жастар қатысты.**

Шараны “Нұр Отан” партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев ашып, ардагерлерді мерекемен құттықтады.

– Ел басына күн туған уақытта барлық қиындыққа қайыспай, елдің қорғаны боза білдініздер. Ерен ерліктеріңіз бен өршіл рухтарыңыз кейінгі ұрпаққа үлгі. Сол арқылы біздің жастарымыз бой түзеп, Сіздердің жасаған қайсарлықтарыңызға бас иеді. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырымыз берік, еліміздің өркендеуі осынау мерекенің жемісі. Сондықтан өздеріңізге айтар алғысымыз шексіз, – деді И.Құттықожаев.

Шара барысында майдангерлер



Әбдірауық Сатыбалдиев, Төлеген Жүнісов, Сейітхан Шілдебаевтар өткен сұрапыл соғыстың ызғары мен елге әкелген қасіретін, өздері жүріп өткен майдан жолын сөз етіп, сол жылдардың қайталанбауын тіледі.

– Соғысқа аттанғанда небәрі 17-18 жастағы бозбала болдық. Еліміздің, ата-анамыз бен бауырларымыздың амандығы үшін ешқандай қиындыққа қараған жоқпыз. Сол қайсарлықтың, төзімділіктің арқасында Жеңістің 73 жылдығына да жетіп, балаларымыздың ортасында отыр-

мыз. Ол күндер қайталанбасын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, тек бейбітшілікте өмір сүрсін, – деп Әбдірауық ата жастарға батасын да берді.

Шара соңында облыстық жастар сая-саты мәселелері басқармасының басшысы Еркебұлан Мәншібаев ардагерлерге облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемовтің алғыс хатын табыстады.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,**  
“Сыр бойы”.



# ЕРЛІК МҰРА – ЕЛДІК МИРАС АТАДАН

ты сап түзеулер өткізіп, жауынгерлік және оқу-жаттығу даярлықтарында ерекше көзге түскен азаматтар марапатталмақ. Бұдан өзге, жылдағы үрдіспен ерлік сабақтары, концерттік бағдарламалар, байқаулар, әскери-қолданбалы спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылады.

Қазіргі жастарда әскер қатарына өтуге, Отан алдындағы борышын өтеуге деген құлшыныс басым. Мерзімді әскери қызметке қабылдау жылына екі рет жүргізіледі. Биыл біздің өңірден 800-ден астам азамат ел қорғанына айналады. Өйткені, ер жігіттің борышы – елін қорғау.

Сәуір айының ортасынан бастап ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне қарасты Алматы, Үшарал, Сарыағаш, Қордай өңірлеріне 200-ге жуық Сыр елінің азаматы әскер қатарына жіберілді. Элиталы әскери құрылым санала-тын ҚР Мемлекеттік күзет қызметіне 16 азамат аттанды. Мамыр айының бастап ҚР ІІМ Ұлттық Ұланға азаматтар әскер қатарына жіберіледі. Әскерге шығарып салу шарасы облыс орталығындағы елге қалқан болған батырлар ескерткіші жанында салтанатты түрде ұйымдастырылып келеді. Мұндай шара болашақ сарбаздарымызға патриоттық рух берері сөзсіз.

Қорғаныс саласының қызметшілері Қарулы Күштерінің қарқынды дамуы-на, жастарды патриоттық тәрбие мен отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуде үлкен

үлес қосып келеді. Атқарған адал қызметіне сәйкес әріптестеріміз ҚР Қорғаныс министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы тарапынан көптеген марапаттарға ие болды.

Облыстан шыққан сан мыңдаған сарбаздардың озықтарын іріктеу оңайға соқпайды. Өйткені жігерлі, намысты, сантан озған сарбаздар Сыр елінде жетерлік. Соның бірі, кеше ғана әскер қатарына аттанған қатардағы жауынгер Дәурен Құрманбеков әскери қызметін өтеу барысында шекара бұзушыларды құрықтады. Өжет сарбазға ар-найы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің марапаты табысталды. Ақжармалық Дәурен Қордай елді мекеніндегі №2038 әскери бөлімінде қызмет етеді. Өзі спортшы өреніміз зілтемір көтеруден де чемпион атанған.

«Отан отбасынан басталады», – дейді дана халқымыз. Әр баланың бойына жастай-ынан отансүйгіштік, батылдық, қайсарлық пен патриотизм қасиеттерін сіңіріп өсірсек, жас ұрпаққа еліміз бен жерімізді еш алаңсыз аманаттай аламыз. Білекті де жүректі талай ұлан бар. Кеудесін намыс кернеген, елі десе ерлеген сардарлар мен сарбаздармен мақтанамыз.

**Еркінбек БАЙБОЛОВ,**  
**облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы,**  
**полковник.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА,**  
«Сыр бойы».



# АСТАНА – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ, ҚЫЗЫЛОРДА – ЕКІ ҒАСЫР КУӘСІ

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы Сыр өңірі – ұлттық тарихтың алтын көмбесі екенін айтты.

– Кейде асау мінезімен арқырай, кейде момақан қалпына түсетін қасиетті Сырдария суындай сырғыған уақыт тезі мен сынының қилы-қилы кезеңдерінде аты мен атауы өзгергенмен, заты өзгермеген бір төбе ескерткіші бар. Ол – осы отырған сіз бен біздің Қызылордамыз, алтын ордамыз, талбесігіміз, – деді сенатор өз құттықтауында.

Сенатор екі ғасырдың куәгері, Қоқан хандығы кезеңінде қорған болып негізгі қаланған әуелгі Ақмешітте, Орынбор генерал губернаторы Перовскийдің қол астындағы Перовскте, өткен ғасырдың 1925-1929 жылдары астана болған Қызылордадағы тарихи оқиғалардың маңызына тоқталды. Сұлу Сырдың жағасында жарасым тауып, көз алдымызда күн сайын көркейіп келе жатқан Қызылорданың жаңа жылнамасын өзіміз жазып, әр тасын өзіміз қалап жатқанымызға шүкіршілік етуіміз керек. Бұл – Тәуелсіздіктің арқасы, бүгінгі ұрпаққа ұсынған сыйы. Енді сол сый мен сыбаға кейінгі ұрпаққа бұйырғай.

Қызылорда өзінің екіғасырлық тарихының 4 жылында Қазақстанның астанасы мәртебесіне не болғанын мақтан тұтамыз. Бүгінде 20 жылдығын атап өткелі отырған Астана қаласында ғасырлар тоғысындағы аумалы-тоқпелі кезеңде бар-ша қазақ баласының басы қосылып, тағдыршешті шешімдер қабылданды. Ел астанасын Есілдің бойына қондырған Елбасының «Астана – ұлт келбеті» деген бір ауыз сөзінде біздің өткеніміздің сыры да, болашағымыздың танымы да жатыр. Бүгінгі Астана – біздің халқымызды тарих сахнасынан жойылып кетуінен сақтап қалар ұлы қорғанымыз, Мәңгілік Елдің бас қаласы.

Конференцияда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек **1-БЕТ**

Қабылдинов басқосуды ұйымдастырушыларға алғысын білдірлі. Мерейтойлық шаралардың Қызылордадан бастау алуы заңдылық іспетті. Өйткені бұл жерде ежелгі астаналардың, оғыздардың, Қазақ хандығының ордалары тігілген. Бұл жерде Қазақ Кеңестік Республикасының астанасы болды, халқының бірлігі мен болашағын ойлаған ұлы тұлғалар өмір сүріп, еліне қызмет етті.

Профессор Қызылордадағы «Рухани жаңғыру» орталығын ұйымдастыру жұмысына жоғары баға беріп, мұндай шаралар республиканың басқа аймақтарында әлі күнге дейін өз дәрежесінде қолға алынбағанын айтты.

– Мен «Рухани жаңғыру» орталығын ұйымдастыру ісінде Қызылорда барлық өңірлерге үлгі болады деп айтар едім. Басқа облыстар Сыр өңірімен тәжірибе алмасуына әбден болады, – деді ол.

3.Қабылдинов 20 жылда Астана-ның еларалық ынтымаққа кепіл болып келе жатқан жетістіктерін атап айтты. Бүкіләлемдік сұхбат алаңына айналған Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, ОБСЕ саммиті, Ислам конференциясы ұйымының отырысы, Астана экономикалық форумы, «Ядролық қарусыз әлем» форумы, посткеңестік елдердің ішінде бірінші болып ЕХРО көрмесі өтті. Елордада халықаралық Түркі академиясы жұмыс істейді. Мұнда дүниежүзіне тарыдай шашылған қазақтардың басын қосқан құрылтай өтті.

– Облыс әкімдігі мен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты меморандумға отырып, өңірдің 3 томдық тарихың ғылыми тұрғыда зерделеді ұсынамын. Қызылорда облысының ерте заманнан бүгінге дейінгі тарихын жаңа методологиямен жазып шықсақ деймін. Біздің институтқа 2014 жылдан бастап магистр мен PhD доктор қабылдауында. Квота жылдан жылға көбейіп келеді. Жергілікті университеттердегі бакалавриат, магистратура бітірген, еңбек өтілі бар, шетел тілін білетін тарихшы-



зерттеушілерді жіберулеріңізге болады, – деді профессор.

– Тарих және этнология институтымен меморандум жасауға біз мүдделіміз. Біз алға қадам басу үшін тарихымызды білуіміз керек. Зерттеушілерді дайындау туралы ұсыныс та орынды. Бұл ретте біздің мол тәжірибеміз бар, – деді Қырымбек Елеуұлы ғалым ұсынысына орай.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, профессор Хангелді Әбжанов киелі географиялық нысандардың қоғамдық сананы жаңғыртудағы рөліне тоқталды. Ғалым Қазығұрттың басында қалған Нұх пайғамбардың кемесінен бастап Астанадағы Ақордаға дейінгі аралықты қамтитын нысандарсақралық география мұрасы екенін айтты. Сақралық география кеңестік дәуірде зерттеуге тыйым салынған тақырып еді. Сондықтан киелі жерлердің біртұтас желісі

бұрын-соңды жасалмады. Сақралық географияның хронологиялық, мазмұндық, дүниетанымдық, тұлғалық қырлары сан салалы.

Профессор Сыр өңіріндегі киелі орындардың ерекшеліктеріне тоқталып, сақралық географияның тарихи-мәдени ескерткіштерден өзгешелейтін тұстарын атады. Халқымыздың сөздік қорындағы «әулие», «киелі», «қасиетті» сөздерінің түп-тамырына талдау жасады.

– Сақралық Қазақстанды әлемдік, еуропалық, ұлттық ерекшеліктермен ашудың теориялық, методологиялық негіздерін тиянақтай жатып, бірі жамау, бірі құрау кітап, оқулық шығару, фильмдер, роликтер жасау – асыққанның ісі. Бабалар мұрасымен қайта табысу басталғанда ақиқаттан қылдай ауытқымау керек, – деді ол.

Конференцияда JLГумилев атындағы ЕҰУ профессоры Амантай Шөріп Алаш қайраткерлерінің

өміріндегі Ақмешіт-Қызылорда кезеңі туралы баяндама жасады.

Қызылорда қаласына астананың көшін бастап келген Сұлтанбек Қожанұлы өз дәуірінде «Теріс түстікте Ақмоланы қазақ қонысы қылып сақтап, қала салып, сол ауданды қырғыз-қазақ мемлекеті қыласақ Қазақстанға азық қылмайды» деп бүгінгі жайды болжап кеткен.

– XIX ғасырда Қазақ хандығының билік жүйесі жойылған соң астана деген ұғым да жоғала бастады. Қазақтың даласы Ресей империясы белгілеген үш қаладан – Орынбордан, Омбыдан және Ташкенттен басқарылды. Ал XX ғасыр басында Алаш қозғалысы қайраткерлері егемендік, елдік туралы айтқанда астана мәселесі оның астарында тұрды, – деді ғалым.

Астананы Орынбордан көшіру туралы ұсыныс айтылғанда Алаш қайраткерлері Ташкентті қолай көрді. Ташкентті бермеген соң, қазақтың әр аймақтағы қалалар

астанаға үміткер болды. Баяндамашы қаламыздың Перовсктен Ақмешіт болып қайта аталуына Сұлтанбек Қожанұлының сіңірген еңбегін атап өтті.

– Астана не себепті Ақмешітке көшті? С.Қожановтың «Ақмешітті неге орталық қылып сайладық?» деген мақаласында «кііз үйдің ішінде орналасса да, астана қалың қазақтың ортасында болуы керек» дейді. Қаланың орналасқан орны экономикалық жағынан өте тиімді деген. «Тағы бір артықшылығы – табиғи байлық төркіндеріне таяу тұрғандығы» деп жазады. Сырдария өзенінің егіншілікті өркендетудегі мол мүмкіншілігін де атап көрсеткен, – деді А.Шөріп.

Оған қоса профессор кезінде астананы Ақмешітке көшірген еңбегі үшін Сұлтанбек Қожановқа көше аты берілгенін, алайда жаңа салынып жатқан сол жағалаудағы қалада есімін қайта жаңғырту туралы ұсынысын айтты.

Конференцияда Қорқыт ата

атындағы мемлекеттік университеттің профессоры Бағдат Көрібозұлы Сыр елі руханиятының тарихи бастаулары мен қалыптасу жолдары туралы ой өбіртіті. Ал ЕҰУ профессоры Ұрпақ Шалболова өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жасаған жан-жақты сатерпамаасын ұсынды. «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі Серікбай Қосан қазақ ауыз әдебиетінің інжу-маржандары – батырлар жырларында, лироэпостық жырларда кездесетін астана образының қандай ұғымдармен астасатынын талдап көрсетті.

Тарих пен болашақ бір-бірімен алтын тіп арқылы байланысып жатады. Ертеңге еңсеміз биік болып ену үшін өткеннің тағылымын тану керек. Тарих деректер мен ғалымдардың зерттеулері, пайымдары ұсынылған конференция осы ұлы мақсатқа өз үлесін қосты.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,**  
«Сыр бойы».

#### САПАР

# ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

**Жұма күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұмыс сапарымен Қазалы ауданында болды. Аймақ басшысының қатысуымен аудан әкімдігінде Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының даму жоспарын талқылаған жиын өтті. Осыдан кейін жастар саясаты мәселелері жөніндегі кеңестің көшпелі отырысына қатысты.**

Кент пен Қазалы қаласының даму мәселесіне арналған жиында аудан әкімі Мұрат Ерешбаев атқарылған жұмыстар мен бұған дейін де мәжіліс отырыстарында берілген тапсырмалардың орындалуы туралы баяндады.

Аудан орталығына қойылған Әйтеке би ескерткіші жобасы әзірленуде. Ескерткішті жасау мен орнатуға қажетті қаржы қаралған. Аудандық мекемелер үйі мен мәдениет үйі құрылысына облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, қазір тиісті басқармалар тарапынан жұмыс жасалуда.

Аудандық аурухана жанынан 250 орынға арналған емхана құрылысының жобасы мемлекеттік сараптамадан өткізіліп жатыр. Екі қабатты 12 тұрғын үй құрылысының жоба-сметалық құжатын дайындау үшін керекті қаржы бөлініп, жобасы дайындалуда. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аудандық бөлімі мен орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі ғимараттарының құрылыс жобасы әзірлену үстінде. Бұдан бөлек, Рөміздер алаңы мен Демалыс паркін салу үшін 8 гектардан аса жер учаскесі белгіленді. Демалыс паркіне ауызсу мен электр желісі тартылып, жолы салынып, абаттандыру жұмыстары жүргізіледі, жаңа үлгідегі аттракциондар мен ойын алаңдарын салуға кәсіпкерлермен алын ала келісім жасалды. Саябақ жергілікті халықпен қатар, көрішлес Арал мен Қармақшы аудандарының тұрғындарына да қызмет көрсететін болады. «Жасыл белдеу» жасау үшін кент маңынан 14 мың көшет отырғызылып, суаратын арналар жасалды.

Аудан әкімі Қазалы ауданындағы 49 көшені газдандыру, «Ақкиіз» және «№165» каналдарын тазарту, көшелерді жөндеу сынды шешімін күтіп тұрған бірнеше мәселенің бар екенін назарға салды.

Облыс әкімі құрылыс жұмыстарын қаржыландыру және мәселелерді тез шешімін табуы үшін басқарма басшыларына бірігіп жұмыс жасауды, ал, аудан әкіміне атқарылған жұмысты тұрақты түрде бақылауда ұстап, сапасына көңіл бөлуді тапсырды.

– Күн тәртібіндегі мәселенің негізгі мақсаты қала мен кенттің қосылуды арқылы екі аралықты үлкен аудан орталығына айналдыру. Өздеріңіз білесіздер, бұған дейін екі рет арнайы қарағанбыз. Осының нәтижесінде кейбір жоспарларымыз қолдау тауып, бірқатар жұмыстар басталып та кетті. Үкімет тарапынан, экономика және қаржы, басқа да министрліктерден қолдау көрсетіліп жатыр, – деді аймақ басшысы.

Осы күні Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында облыс әкімінің төрағалығымен жастар саясаты жөніндегі кеңестің көшпелі отырысы өтті. Жиын Елбасының 5 әлеуметтік бастамасы аясында жастардың іскерлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Кеңесте мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі «Жол картасының» жүзеге асырылу барысы, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында жас кәсіпкерлерді қолдау бойынша атқарылған жұмыстар, өңірдегі еңбек ресурсы балансының тиімділігі, Қазалы мен Жалағаш аудандарының жастар саясатындағы іске асырылып жатқан жұмыстар талқыланды.

Облыс әкімінің өңірде кәсіпкерлікпен айналысатын жастардың саны артып келе жатқанын атап өтті. Оның ішінде Қазалы ауданы жетекшісі орында. Бұған себеп саланы дамыту ісі дұрыс жолға қойылғандығында болса керек. Өңірдегі жұмыссыздықты жою мақсатында кәсіп ашушы жастарға арнап бюджеттен қайтарымсыз гранттар бөлініп келеді. Мұндай қолдауды кепіл қоймай-ақ алуға болады. Аймақ басшысы жауапты сала басшыларына аталған көмектер мен жеңілдіктер жайлы баспасөз беттерінде кеңінен насихаттау, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

– Облыс тұрғындардың жалпы санының 24% жастар құраса, олардың 42 проценті қалада, 58% ауылда тұрады.

**Рият ӘБДІКАЛЫҚ.**

#### МЕРЕЙ

Қытай ойшылы, адамзат тарихындағы ең ұлы ұстаздардың бірі Конфуцийдің «Адамдық қатынастың әуелгі үлгі мектебі – үй ішінен басталады. Әрбір отбасы – шағын да болса дербес қауым, мемлекеттің ең кішкентай қайталамас бөлшегі. Ата-ананы сыйлау, оның айтқанынан шықпау – тәрбиенің отбасылық ғана емес, ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі тәрбиенің көрінісі» – деген қағидасын Қытай елі қазірде өз өркенітінің маңызымен негізі ретінде қабылдағаны баршаға аян.

Түркі әлемін айдай әлемге танытқан, ХІ ғасырда ғұмыр кешкен атақты шайыр және ғалым Бируни аударған көнеден жеткен жәдігерлердің бірі Үндістанда шыққан «Панччатантра» кітабында «Ата мен анадан, бірге



# ҚАЙРАТКЕР ҚАРЫМЫ

туған бауырдан артық жанашыр әрі мейірімді ешкім болмайды, сосын шын досын ғана келелі келесі беріп, игілікке баулиды» – деп жазылғаны да бекер емес.

Тек қана осындай ауызбіршілігі мықты, бір-біріне бауырмал отбасында өскен талапты бала талай биікті бағындырса керек. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз, Сыр бойының парасатын перзенті Жонтаева Жаңыл Алпамысқызының өткеніне көз жүгіртіп, осындай ой түйдік.

Иә, баланың бас ұстазы – ата-анасы екенін талай данышпан айттып кеткен. Ұлылардың осы ұстанымын Жаңылдың ата-анасы Алпамыс ақсақал мен Раушан анамыз зерделеріне мықтап тұяғын сыйнайды.

Туған ауылы Калинин атындағы совхоздағы (қазіргі Бұхарбай батыр ауылы) №33 орта мектепті бітірген табанды да ізденіш Жаңыл Алпамысқызы арман қуып Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға қабылданып, 1981 жылы «Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» мамандығы бойынша үздік аяқтады. Одан кейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қаржы және несиес факультетін «экономист» мамандығы бойынша бітіріп, адам баласының алға қойған мақсатына тек табандылығы арқасында қол жеткізе алатындығын дәлелдеді.

Ұстаздық – ұлы іс. Даналар мен данышпандардың бәрін ұстаздар тәрбиелеген. Адам баласы өзінің асылдығы мен абзалдығы үшін алдымен ұстазға қарыздар.

1981 жылы еңбек жолын орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған Жаңыл өзі оқыған №33 орта мектептің мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушысы, Жалағаш кентіндегі №31 орта мектептің және туған ауылындағы №33 орта мектептің директоры болды.

Дүниедегі барша тіршілік иелерінен адамды айырып тұратын төрт-ақ қасиет: білімділік, ұстамдылық, ақыл, әділдік. Осы қасиеттерді бойына түгел жинаған Жаңыл Алпамысқызы еңбекқорлығы мен жігерлілігі, талабы мен табандылығы арқасында Жалағаш аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі, Арал ауданы әкімінің орынбасары қызметінен бастап Қызылорда облыстық білім беру басқармасының бастығына дейінгі барлық қызмет сатыларынан табысты өтті.

Облыстық білім беру басқармасының басшысы ретінде аймақта Елбасының «Балапан» бағдарламасының жоғары деңгейде орындалып, мектепке дейінгі оқу мен тәрбие жұмыстарының сапасын арттыруға басшылық жасалды. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруға бюджеттік қаржы көздеріне қарағанда мемлекеттік – жеке меншік әріптестік бағытында қаржы тарту көлемі еліміздегі ең жоғары көрсеткішке жетіп,

**Бауыржан АЛЕКСАНДРОВ,**  
«Өрлеу» БАҰОА АҚ филиалы  
Қызылорда облысы  
бойынша ІІК БАН директоры,  
профессор.



# ЖҮЗ ЖЫЛ ӨТЕР, МҮҢ ЖЫЛ ӨТЕР ТАҢ КҮЛІП,



## ОТТЫ ЖЫЛДАР ЕСТЕЛІГІ ЖАДЫНДА

**Тоқсан сегіз жастағы Бөрібай атаның үйіне әдейілеп барғанымызда бізді үшінші қабаттан төменге өзі түсіп қарсы алды. Жүрісі ширақ, ойы орнықты, сөзі салмақты. Мұның себебін желіретті көп көргенінен болар деп топшылады.**

Бөрібай Құлманов бүгінде Қызылорда қаласында тұрады. Небір зұлматты жылдар естелігі жадында күні кешегідей жаңғырулы. 1932 жыл нәубеті оның отбасын да айналып өтпеді. Мектепте оқып жүрген кезінде әке-шешесінен бірдей айырылып қалып, жетім балалар үйінде тәрбиеленді. Жетіжылдық біліммен ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түскен жасөспірім 1940 жылы агроном-химизатор мамандығын алып шығады. Техникумды бітірген бойда әскер қатарына шақырылып, Ресей Жоғары Кеңесі атындағы жаяу әскери училищесінде оқиды. Үшжылдық курстан соң Алматы партия мектебінде және ауыл шаруашылығы институтында білімін жалғастырды.

Ойлауын отырса, әскери училищені бекерден-бекер желедітетін оқытпапты. Соғыс кезіндегі іс-қимылдар мен қару қолдану әдіс-тәсілдерін үйретудің астарында үлкен мән-мағына жатқан екен. Көп ұзамай екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. 1941 жылдың қараша айында Калинин майданына аттанған 373-ші дивизия құрамында қызылордалық Бөрібай Құлманов та бар еді. Дивизия Ржев қаласының Торжок стансасына жетіп, одан әрі шамамен жиырма шақырым жердегі немістер басып алған аймаққа қарай барып орналасты. Жау қолындағы Сосновка селосын азат ету жолындағы атыс екі күн бойы созылды. Сұрапыл соғыста жауынгерлер талай рет кеудесін оққа төсеіп, жау арасына барып басыңдар берген қиын тапсырмаларды жымын білдірмей орындады. Селоны дұшпанның

құрсауынан босату бұларға оңай тиген жоқ. Қаншама адам денсаулығынан айырылып, қаншама адам қан майданда қаза тапты.

Мақсат орындалғаннан кейін қайтыс болған солдаттардың орыны толықтырылып, қару-жарақ қайта жасақталды. Іле-шала атқыштар дивизиясына Петровка елді мекенін неміс басқыншыларынан азат ету тапсырылды. Бұл тапсырма алдыңғысына қарағанда қиына соқты. Осы ұрыста Бөрібай ата жон арқасынан оқ тиіп, ауыр жарақат алды. Есінен танып жатқан жерінен оны село тұрғындары тауып алып, сондағы бір үйге апарып, көмектерін аямапты. Кейін госпитальдан госпитальға ауысып жүріп жеті ай емделді.

Ауруынан айығып шыққасын Алматыдағы Шерстюк басқаратын 32-ші бригаданың 29-шы полкіне жіберілді. Миномет ротасының командирі ретінде әскерге шақырылған азаматтарға соғыс тәсілдерін үйретіп, майданға жіберуге үлес қосты. 1945 жылы өзі дайындаған солдаттардан батальон жасақтап, өзі де бірге Белорус майданына аттанды. Бұл жолы да майдангер тапсырмаларды мүлтіксіз орындап, сенім үдесінен шыға білді.

Адамзат тарихындағы сұрапыл да жойқын Ұлы Отан соғысы аяқталып, Гитлер тез бұққан 1945 жылдың 9 мамырын бүкіл ел қуанышпен қарсы алып, мәре-сәре боп тойлап жатса да Бөрібай ата үшін соғыс жалғаса берді. Кеңес одағының айрықша тапсырмасын алған ол Қытай Халық Республикасының Синь Цзянь өлкесіндегі қақтығыстарды басу ісіне араласты. «Бұл туралы кезінде біз жак ашқан емеспіз. Себебі тәртіп, талап солай болды. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ашып айта басталдық», – дейді. Өмірінің алты жылын жау шебінде, майдан даласында өткізгеніне ардагер еш өкінбейді. Осылайша ол балалары мен немерелеріне – ұрпағына бүгінгідей бейбіт өмір сыйлауға үлес қосқанын ойласа, бойын мақтаныш сезімі білейді.

Майдангердің костюміндегі орден-медалдар

отты жылдардың көзінде, ерлігі үшін айтылған алғашқы алғыстың өзінде боп сынғырлайды. Мына бір «Қызыл жұлдыз» оған Ржев қаласының түбіндегі соғыста көрсеткен ерлігі үшін, ал мына бір «Отан соғысы» ордені Польша мен Германияның Штеттин қаласын жау құрсауынан босатуға қосқан үлесі үшін берілген. Одан да басқа марапаттар жетіп артылады. Өткен жылы Мәскеу үкіметінің шешімімен сырбойылық екі ардагерге «Мәскеу үшін шайқасқа – 75 жыл» төсбелгісі тағылды. Соның бірі – Бөрібай Құлманов. Әңгімелесу кезінде қарт майдангер марапатын көрсетіп, Мәскеу қаласын жаудан қорғауда және неміс фашистеріне қарсы соғысып, Мәскеуді жаудың қолынан аман алып қалудағы қиян-кескі шайқастардың естелігін жадында жаңғыртты.

1946 жылы елге жеңіспен оралғасын еңбекке етене араласты. Облыстық партия комитетінде ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, МТС директоры, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары секілді жауапты қызметтерді атқарды. Қазалы аудандық партия ұйымын басқарды. Жауапты қызметтерде жүріп, Алматы жоғары партия мектебі мен ауыл шаруашылығы институтын бітірді. Одан кейін мемлекеттік, халықтық, партиялық бақылау жүйесінде ұзақ жыл басшылық қызметтер тізгінін ұстау арқылы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосты.

Ардагер өзімен жарты ғасырдай бірге тату-тәтті ғұмыр кешкен жары, марқұм Фатима әжемен бірге үкілеп үш қыз өсірді. Олардың екеуі медицина саласында тер төгіп жүрсе, біреуі білім саласында қызмет етеді. Немере-шөберенің қолынан су ішу бақыты бұйырған Бөрібай атаның жалғыз ғана тілегі бар. «Елің іргесі бүтін, аспан ашық болса екен» дейді майдангер.

Н.ҚУАНДЫҚ.

## ШАРБОЛАТТАЙ ШЫҢДАЛҒАН ӨМІР

### АРҒЫ БЕТТЕГІ АҒАЙЫН

Белгілі азамат Қасқыр Наметша сонау қазан төңкерісі басталған өткен ғасырдың 1917 жылы дүниеге келген. Сол өкіметтің тар жол, тайғақ кешкен тағдырымен біте қайнасып, кейін қазақ елінің тәуелсіздігін көру де бұйырды. Сүйлейлердің отаны Қармақшының Өндіріс ауылында туған оған Тұрмағамбет ақынның өзі Шахнама деп азан шақырып ат қойған деседі. Шамасы, сол уақытта шайыр Фердауси шығармасын көкірегіңде тербетіп жүрсе керек. Бірақ жеңгелері баланы пысықтығына қарап Қасқыр деп атап, ақыр аяғында құжатқа да осылай жазылыпты.



Қайран анасы өмірдің бар ауыртпалығын көрді. Қарындасы Күләйм екеуі әкелен ерте айырылады. Дегенмен, ағалары Байғара мен Тасқара жетімдерге жебеу болып, Тұрмағамбеттің медресесінде білім алады. Отызыншы жылдары коллективтендіру, одан кейін аштық пен қуғын-сүргін басталды. Елді аштық жайлағанда ағайындар жер ауып, Ташкент арқылы Ауғанстан шекарасына келеді. Бұл жерде он бес жасар Қасқыр арғы бетке өтуден бас тартып, оны тыңдаған ағалары да туған жерге қай оралады. Сол сүргінде шекара асқан туыскандарымен Қасқыр ағамыз елу жылдан кейін табысыпты. Сонау қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйенің өзінде шетелдегі ағайындарымен хат алысып, іздегендердің өзі оны маңдай тіреп келген. Неткен ержүректілік десеңізші! Ұрпақтары атасының жазбаларын жинақтап, «Көкірегі қазына Қасқыр» атты кітап шығарыпты: «1932-1933 жылдары ашаршылық салдарынан, біздің ауылдың көптеген ағайындары шетелге қоныс аударуына мәжбүр болды. 60-шы жылдарға дейін біз олардың тағдырлары туралы мүлдем хабарсыз болдық. Сол уақыттарда, бір отбасы шекараны бұзып, елге оралды. Шекарада тұтқындалғанда, елде кімдерді білесіңдер деген сұраққа олар Қызылорда облысы Қармақшы ауданында Қасқыр деген туысканымыз бар деп жауап берген. Сол уақыттан бастап мен шетелге кеткен ағайындарды әртүрлі жолдармен белсенді іздей басталдым. Олардың көбісі Ауғанға, Иранға, Түркияға және Араб елдеріне қоныс аударғаны туралы хабарлар болдық. Бір мезгілде, біздің ағайындардың қамқоршысы Қанибай деген ағамызды бала-шағасымен Ауғанстанда тұратынын білдік. Заманның қиыншылығына қарамастан, ағайындардың көбісімен хат алысып тұрдым».

### ОТ ОРТАСЫНДАҒЫ ОН ЖЫЛ



Ол 1939 жылы Қызыл Армия қатарына алынғанда алдағы соғыстың ызғары сезілетін. Украина, Белоруссия, Прибалтика майдандарындағы шайқастарға қатысып, әскери жорықтарда жан алып, жан берісті. 1945 жылы коммунистік партия қатарына қабылданды. Фашистік Германияны жеңгенімізбен, солдат Қасқыр үшін соғыс аяқталмаған еді, ол Маныжуринға аттанды.

Содан туған жеріне 9 жылдан кейін 1948 жылы оралды. Майдангер солдат шінеілімен жарты Еуропаны, Қытайды жүріп өтіп, бірнеше рет жараланып, жалғыз ұлын күткен анасымен сағына қауышты.

Қасқыр ағамыз соғыс жайлы көп айта бермейтін. Өйткені, ол он жыл от пен оқтың ортасынан жүріп өлім мен өмірдің салмағын бағалаған солдат еді. Өзі техникалық барлау ботальонында ефрейтор шеніндегі жауынгер талай рет өлім аузынан қалды. Бірде барлаушылар тобы жау тылына «тіл» әкелуге аттанды. Бұл қауіпті де қиын тапсырма болатын. Жауынгерлерге жаудың әскери қару-жарағы мен нысандарынан орналасуы туралы мәлімет әкелумен қатар, «тіл» жеткізу тапсырылды. Басшылық бұл тапсырмаға тәуекел етіп оншақты адам жіберіп, ең болмаса біреуі тірі келер деп үміттенеді. Сол жалғыз адам – барлаушы Қасқыр Наметша болған еді.

Соғыстан қалған «көбін қиғен келмейді, кебенек қиғен келеді» деген тәміс бір еді. Ағамыз кітабында сондай бір оқиғаны көз алдына елестетіп, алдымызға соғыс шыбындығын әкеледі.

«Соғыста Алла тағаланың арқасында, талай өлімнен аман қалдым. Өсіресе мынау оқиға ойымнан кетпейді. 1942 жылы Москва қорғанысының Калинин майданында немістердің танклеріне төтеп беріп жатқан кезде, мен зеңбіректің наводчигі едім. Бір кезде командир маған «Сен қазақсың, сен аттарды жақсы білесің. Ендеше, оларды өзеннің қасына барып дайын ұстап, біз шегінген жағдайда әзір болып тұр» деді. Мен бұйрықтары орындауға бара жатқан кезде, немістің тигір танкісін атқанын анық байқадым. Үлкен жарылыс болды, құлады. Өз-өзіме келіп, жан-жағыма қарағанда, командир және әскери жолдастарымның мерт болғанын көрдім. Осы жерде Құдай мені сақтады. Егер маған командир бұйрық бермегенде, мен де солардың қасында қаза болатын едім».

### ӨНДІРІСТІҢ ІСКЕР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

Елге оралысымен еңбекке араласты. Ал жары Флоридамен қосылуының өзі романтикалық киноға лайық хикая еді. Ақтобенің медресішесін бітіріп аға жыл жұмыс істеуге келген сұлу татар қызына ағамыздың көзі түседі. Бойжеткен күн сайын поштаға барып, қайтуға шақыру қағазын күтіп жүр еді. Қағаз келсе ғашығымнан айырыларын білген ағамыз ретін тауып, оны қолға түсіріп, алып қалады. Сонымен жастар отбасын құрып, Руслан, Сержан, Роза және

Талғат есімді балалар дүниеге келді. Сөйтіп, он жылдай от ортасында жүрген майдангердің шаңырақ көтеріп, бала өсіру жайындағы басты арманы орындалды. Ал Флора апай соғыстан кейін халықтың денсаулығын сақтау жолындағы қиын күндерде қажырлы еңбегімен көпшілік құрметіне бөленді.

Қасқыр Наметша ауыл шаруашылығы өндірісінің білікті де іскер ұйымдастырушысы болды. Қарапайым жұмысшыдан бастап, бригадирдің орынбасары, зоотехник, гидротехник, агроном, партия комитетінің жетекшісі қызметтерін атқарды. Колхоз басшыларының дайындау жөніндегі Шымкент ауыл шаруашылығы мектебін бітіргеннен кейін 1957 жылы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі. Үйдің де, жұмыстың да бар ауыртпалығы Флораның мығына түсіп, оқуды тастауға тура келеді. Қасқыр елге оралғаннан кейін тұрмыс оңала бастады, отбасының жағдайы да түзелді. Іскер азамат көп жылдар бойы Қармақшы аудандық астық қабылдау мекемесінің директоры, май зауытының басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Қармақшы астық қабылдау мекемесі ол басшылыққа келгенге дейін атта қалған кәсіпорындардың бірі еді. Науқан кезінде астықты уақытлы қабылдап, оны кентіріп, сақтап Қызылордаға жөнелту оңай шаруа емес еді. Дегенмен, жаңа директор іскерігі арқасында жұмысты тез жолға қоюмен қатар, кәсіпорындағы облыстық көпбасшы мекеменің біріне айналдырды. Кәсіпорынға тиісті құрал-жабдықтар алынып, жаңа нысандар салынды. Облысқа іссапары кезінде Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаев астық комбинатын көріп, директордың қызметін жоғары бағалайды. Басшының есімін естисен оның «Қасқыр болсан қасқыр екенсін, өте жақсы» деген сөзі әлі ел аузында.

Қармақшы аудандық астық қабылдау мекемесін 15 жылдай басқарған кезінде Жосалыда көптеген өзгерістер болды. Кәсіпорын қаражатымен су құбыры желісін тартып, балабақша, медициналық пункт, дүкендер мен монша салып, көшеге жарық тартты. Елдің әлеуметтік жағдайы көтеріле түсті. Мекемеге қоймалар мен ғимараттар және қырыққа тарта потерлер салынды. Тұрғындарды көгалдандыруға тарта отырып, оның бастамасымен Сырдариядан канал қазылды. Аяқсу мәселесі шешілген тұрғындар шарбағына жеміс ағаштарын, бау-бақша өсірді. Алпысыншы жылдардың аяғында мұндай жағдай аудан орталығы түгүлі облыста жаңалық болып саналатын. Кенттің осы аумағын халық «Қасқыр ауылы» атап кетті.

Кітабында ағамыз өмірден түйген ойын жеткізеді:

«... Жапан түздегі қараша үйде дүниеге келіп, әкемнің қамқорлығынан ерте айырылсам да, ананың қасында оның соңғы күніне дейін болдым. Тайғара, Байғара әкелерімнің қамқорлығын көрдім.

Қанды-қасап майданнан аман-есен елге келіп, татар қызы Флорамен бас қосып, төрт баламды, немере-шөберелерімді сүйдім. Туған жерге ағаш егіп, гүл өсіріп, соғыста жүргенде берген сертімде тұрдым. Елдің, ағайындардың ортасында болып, оларға қызмет жасаудан шаршаған жоқпын. Елдің жақсы-жайсандарымен, жұртқа белгілі адамдармен жақын болдым. Адамдарды сыйлауды, олар да мені құрмет тұтты. Жол, үйлер, әр түрлі өндіріс, әлеуметтік нысандар салдым. Өз басым ғана емес, жұртқа пайдалы еңбек еттім.

...Менің мақсаттарым негізінен орындалды. Менің анам қара жұмысты істеп, ашаршылық пен жоқшылықты көріп, өмірінің соңғы жылдары мына игіліктерге жетті:

Кініз үй мен кепеден кейін анам төрт бөлмелі қыштан жасалған жарық үйде 13 жылдай өмір сүрді; өзінің төрт немересін, жиен немересін Ұзақты бауырына басқан, Байғара әкеміздің қызы Кенішті бағып, рақаттанып өмір сүрді; еңбек үшін, бұрын көрмеген Кеңес үкіметінің зейнетақысын алып отырды; өмірінің соңғы жылдары теледидарды көре бастап, оны өте қызық көретін; газ плитасына да қызығып, су қайнатып, шай ішуді жақсы көретін. Ананың осыған жеткеніне мен үнемі іштей қуанатынымын».

Майдангер «Отан» соғысының І-дәрежелі орденімен, ондаған ерлік медалдарымен марапатталған. Көп жылы жемісті еңбегі үшін Қ.Наметша «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталып, есімі Қазақ ССР-нің Алтын кітабына жазылған. «Қазақстан ауыл шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілді.

Жары Флора екеуі немере-шөбере сүйіп, бақытты ғұмыр кешіп, 1998 жылы дүниеден озды. Тағдылымда да оңегелі ғұмыр кешкен ардақты азаматтың кейінгі ұрпаққа берер тәлімі мол еді. Өмірден түйгені мені көрген көп ағамыз ойын қойын дәптеріне түсіре берген екен. Ұрпақтары оны жинақтап, «Көкірегі қазына Қасқыр» деген кітапқа шығарыпты. Ақсақал өткен өмірін ой елегінен өткізіп, бірге қызметтес болған азаматтар жайлы да мұңді пікірлер қалдыртса, Мемлекет және қоғам қайраткерлері Ж.Төшев, И.Әбілқасымов, Е.Қоңербас, онер мейталмандары Тұрмағамбет, Қошеней, Мардан, тағы басқалар туралы жазған толғамдары мазмұнды. Ел мен қоғам дамуы жайлы, ұлттық құндылықтар туралы ойлар өмірден ескеңіп алынғанын байқайла. Ардагер осы кітабымен-ақ өзінің тегін адам емес екенін, шын мәнінде көкірегі қазына азамат болғанын көрсетеді.

Бүкіл ғұмырын туған жерінің өркендеуіне арнаған ардақты азамат Қасқыр Наметша өмірде осылай шарболаттай шыңдалып өтті. Тағдыры өткен ғасырдың тарихымен сабақтаст ардақтылар өмірі – ұрпаққа өнеге.

Жұматали ӘБІРАМАН,  
«Сыр бойы».



## Ерліктің ерен үлгісі

Кейіпкеріміз туралы әңгімені сәл әріректен бастасaq.

Тәнеш Оразов – өмір сынымен шыңдалған жан. Он жасқа толған шағында ашаршылық басталып, бай біткеннің малы тәркіленіп, жер аударылды. Кейіпкеріміз қиындықтардың әсерінен ерте есейді. Шіркейлі ауылындағы орта мектепте білім алып, Ақмешіттегі мұғалімдер даярлайтын училищеге оқуға түсті. Ол кезде мұғалім ең қадірлі мамандық болса керек. Олар үстіне ата-анасы да мұғалім бол деп аманаттапты. Осылайша, бала Тәнеш алдына «қолға диплом алып, өзім ұшқан мектебіме мұғалім болып ораламын» деген нақты мақсат қояды. Дегенін жүзеге асыруға асық болатын. Оған қол жеткізуге де бір-екі ай қалған. Бірақ, жас жігіттің арманы жаздың жаймаушақ бір күнінде көкке ұшты. Радиолағы диктор Левитанның дауысы ұйқысын шайдай ашып, жатақханадағы орнынан атып тұрғызды. Оның «Герман фашизмі қасиетті Отанымызға басқп кірді» деген сөзі ауыр тиді. Осылайша, жасы жиырмаға жетпей, әскерге аттанды. 1941 жылдың 21 желтоқсаны әлі күнге дейін есінде.

– Түн. Әскери комиссариаттың алды толғы адам. Вокзалда қаз-қатар тізілген қызыл вагон. Мені

ауылдан шығарып салған Абзал деген ағайымның жігерімді қай-рап, «Жеңіспен орал, бауырым» деген қуатты сөзі есімінен кетпейді. Пойызбен үш-төрт күн жол жүрдік. Бөріміздің көңіліміз жабырқаулы. Бұрын аяқ баспаған Ашхабадқа келдік. Күні-түні жаттығу. Командирлеріміз бар қиындықты жеңуге үйретті. Жаяу әскерлер училищесін бітіріп, лейтенант шенінің жүлдызын жарқыратпа тағып, офицер атандық. Неміс әскерлері жойқын қаруымен көп қаланың құл-талқанын шығарып жатты. Радиодан естілген суық хабар жан тұршіктіретін. Бас штабтан түн мезгілінде бұйрық келді. Тағы да жиырма шақты вагонға отыру басталды. 1942 жылдың маусымы айында Красноводск, Махачкала арқылы кеменен жүру басталды. Қайда бара жатқанымыз мүлдем құпия ұсталды, – деп еске алады майдангер.

Өңгімесін әрі қарай сабақтаған Т.Оразов бұл соғыстың мүлдем жойқын болғанын айтты. Дон мен Волга аралығындағы неміс-фашист әскерлерінің стратегиялық тобын талқандау оңайға түспеген. Соғыс 1943 жылдың 2 ақпанына дейін созылған. Жаудың көздегені – Сталинградты басып алу. Олар ұрысқа 250 мыңдай адамы бар

18 дивизияны, 740-қа жуық танк, 1200 ұшақ пен 7500 зеңбірек минометтерін жұмсаған. Десе де, жаудың беті қайтты. Шілде-қараша айында олар 700 мың армиясынан, бір мыңдай танкіснен, 2 мыңнан астам зеңбірек-минометінен, 1400 самолетінен айырылды. Атақты генерал-фельдмаршал Ф.Паулюстің 6 армиясы қоршауға алынып, тізе бүкті. Бұл шайқаста кейіпкеріміз қанышпа боздақтың қыршынан қылғанын қайғыра еске алып, бүгінгі күнге тәубе етуге шақырады.

– Сталинград шайқасынан аман қалып, елге оралам деген ойда жоқ еді. Сол аяғымнан құл-талқаны шығып, оқонға көміліп қалдым. Әскери медбикелер носилкаға салып, Қамышин қаласындағы дала госпиталіне жеткізді. Ауыр операция бірнеше сағатқа созылды. Алайда, дәрігерлер қатарға қосып, Саратовтағы госпитальға ауыстырылдым. Елге қайтатын шығармын деген қуаныш ұшықпалады. Бірақ, жаралы офицерлерді әскерден босатпау керек деген бұйрық шықты. Мені Тәшкен соғыс округіндегі кадр бөліміне жіберді. Кадр бөлімі қолыма әскери комиссариатқа пайдалануға жолдама берді. Жолдама туған жер топтарығнан бұйырыпты. Ауылға қайтардағы

сол күнгі қуанышымды айтып жеткізе алмаймын. Бұл кездері ел еңесінің көтеріліп қалғанын да байқадым. Әскерден оралғандар біртіндеп көбісе басталды, – дейді Т.Оразов.

Ауылға келген соң жауынгер Теренөзектегі әскери комиссариаттың екінші бөлімінде, Арал қаласындағы әскери комиссариаттың бірінші бөлімінде қызмет атқарды. 1946 жылдың маусым айында денсаулығына байланысты әскери жұмыстан босатылып, сауда саласындағы сан алуан қызметтің тұтқасын ұстады. Облыстық тұтынушылар одағының бақылау-ұйымдастыру бөлімінің бастығы, Шилі, Арал аудандық сауда саласында, Қызылорда қалалық тамақтандыру саласында басшылық қызметте болды.

Арамызда жүрген ардагерлер – кешегі Отан қорғаушылар, еліміздің көркеюіне үлес қосып, ерен еңбегімен соңына өшпес із қалдырған азаматтар. Біз олардың қасиетті жолын кастерлеп, оны лайықты түрде жалғастыруға тиіспіз. Өйткені, Тәнеш Оразұлы секілді жеңісті жақындатқан сарбаздардың ерлігі – бүгінгі бейбіт күннің кепілі. Олар тек Ұлы Жеңіс күні ғана емес, әрдайым құрметке лайық.

М.СНАДНҚЫЗЫ.



# ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ МӘҢГІЛІК!

...Дүниеге келер бір рет,  
Дария кеуде, тау мүсін,  
Қарттарым қайған құдірет,  
Қарттарым аман-сау жүрші, – деген  
жыр жолдары жүрегімізге мәңгілікке  
жазылып қалған. Осындай, дария кеуде,  
тау мүсінді тұлғанын бірі де бірегей,  
Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлігі  
үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен  
марапатталған, текті әулеттің тұяғы –  
Жүсіпбек Әмірбекұлы Пусырманов  
көзі тірі болғанда 100 жасқа келер еді.  
Ажалға қимас асыл жанның ұрпақтары  
үшін жасаған ұлағатты істерін, адами  
бітім-болымсын біреулер білсе, біреулер  
білмес.

\*\*\*  
«Тектіден текті туар, ата жолын  
қуар» деп атам қазақ бекер айтпаса  
керек. Оған Жүсекеннің тегімен таныс-  
қанда көз жеткіздік.

– Менің атам Пусырман, – дейді  
екен Жүсіпбек көзі тірісінде, – Мекке-  
Мадинаға бір емес, үш рет барған  
көрінеді. Қажылыққа аттанар алдында  
өзіне барыпша берілген отызға жуық  
азаматты жараптап алып отырған.  
Өкініштісі, ағамыз үшінші рет Меккеге  
қажылыққа барғанда сол жақта дүние  
санып, елге қайта оралмапты. Өйткені,  
осынау қасиетті жерге аттанар алдында  
ағамыздың Алладан сұрайтыны мені  
ұрпақтарым үшін Меккеде қалдырыңдар  
дейді екен.

Тарихтан аян кенес үкіметінің ста-  
линдік репрессия кезінде қаншама оқ  
ашық, көкірегі ояу азаматтар атылып,  
болмаса Сібірге жер аударылып кетті.  
Сол солақай саясат Пусырман қажы  
ұрпақтарының да шаңырақтарын шай-  
қалтты.

– Біздің әулеттің ұрпағы, Қазақ мем-  
лекетінің Жоғарғы сотының алғашқы  
төрағасы болған Құлмұхамед Күлетов  
ағамыз 1936 жылы «халық жауы»  
атанып атылуға кесілсе, Пусырманов  
Есет ағамыз да бар-жоғы үш күн  
тергеуде болып, атылып кеткен. Ал,  
әкеміз Жүсіпбектің әкесі Әшірбек те  
жалаға ұшырап, 28 жылға сотталып, жер  
аударылған. Өйткені ол Ғани Мұратбаев  
бастаған қозғалысқа қатысқан көрінеді,  
дейді күресіне еске алып Болатбек  
Жүсіпбекұлы.

...Жүсіпбек Әшірбекұлы 1917 жылы,  
яғни нағыз аласапыран заманда дүниеге  
келген. Жоғарыда айтқандай, әкесі  
«халық жауы» атанған. Содан болар,  
Жүсіпбектің де бала кезден көрмеген  
қорлығы жоқ. 1937 жылы Алматы  
каласындағы Тау-кен металлургия  
институтына оқуға қабылданады.  
Өкінішке орай 3-курста оқып жүргенде  
сол кезегі «үндеместін» (НКВД) нұс-  
қауымен «халық жауының баласы»  
оқудан шығарылады. Аяқталмаған  
жоғары білімді құжатымен тұтан  
жері – Қазалыға оралып, шалғайдағы  
Майданкөл ауылындағы мектепке  
мұғалімдік қызметке жіберіледі. Бар-  
жоғы бір жыл өтпестен «Ұлы Отан  
соғысы басталды» деген қаралы қауақ  
қолын жетеді. Отаны үшін жауға қарсы  
тұрды мұрат еткен Жүсіпбек аудан  
орталығындағы әскери комиссариатқа  
барып, соғысқа қатысуға өз өтінішімен  
сұраныс жасайды. Аттанады.

Отаны үшін от пен оқтан ортасында  
жүрсе де Жүсіпбекті «халық жауының  
баласы» деген желеумен қайсыбір  
шайқаста болмасын алғы шепке сала-  
ды. Алдында қарша бораған жау оқи,  
артында желпексіне қаруларын кезең-  
кең «қызыл әскер». Шегіндіп екен  
«сатқындық жасады» деп тағы қару  
жұмсайды. Тек қана алға.

Сол бір сұранып соғыста Жүсіпбек  
екі өліп, қайта тіріледі. Ленинград үшін  
болған шайқаста алғы шепте болған  
мыңдаған жауынгер қазаға ұшырайды.  
Осы шайқаста ауыр жаракат алса да,  
ерекше бір ерлік жасаған ол «Қызыл  
жұлдыз» орденімен марапатталады.

Екінші бір өмір мен өлім аралысы  
1943 жылы Ржев қаласын азат ету үшін  
шайқаста болған. Осы шайқасқа шығар  
алдында И.Сталиннен «Бұл шайқаста  
берілмендер, коммунист болып өліңдер»  
деген шұғыл тапсырма келеді. Содан  
оқопта жатқан жауынгерлер коммунистік  
партия қатарына қабылданады.  
Жүсіпбек те сол 1943 жылы партия  
қатарына қабылданып, Ржев қаласын  
аудла ауыр жаракат алса да нағыз  
ерлік жасап, «Ерлігі үшін» медалімен  
марапатталады. Айғай омызды орнықты  
болуы үшін Қазалы ауданы әскери  
комиссариатының мұрағатынан алынған  
марапат парағы жазбасын қаз-қалпында  
беріпкі.

«Тов. Пусурманов работает у орудия  
быстро и точно обеспечивая поражение  
вражеских целей. Отнем его орудия  
уничтожено или подавлено несколько

вражеских огневых точек.

Пусурманов ведет большую агита-  
ционную работу среди личного состава,  
особенно среди бойцов нерусской  
национальности. Работая с гвардии  
красноармейцами казахом Ибраевым и  
таджиком Разаевым добился того, что  
они стали отличными бойцами, а Ибраев  
был принят в комсомол.

Тов. Пусурманов в своей агита-  
ционной работе на родном языке широко  
популярizesет вопрос о дружбе народов  
СССР, о том, что всеми национа-  
льностями, входящими в состав СССР  
руководит партия Ленина-Сталина.

Вступив в партию большевиков  
еще энергичнее продолжает работу с  
беспартийными бойцами нерусской  
национальности. Подготовил к приему в  
ВКП/б казаха Туленбергенова.

За проявление личного примера  
в бою и проведение продуктивной и  
доходчивой агитации среди бойцов  
нерусской национальности гвардии  
сержант Пусурманов достоин  
правительственной награды.

Командир 123 Гвардейского  
Артиллерийского полковник  
Пономарев/

И.о Зам. командира 123 Гвардейского  
Артиллерийского пол полнчасти гв.капитан  
/Иванов/  
27 сентября 1943 г».

## ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН...

1945 жылдың мамыражай мамыр  
айы болатын. Отан қорғаудағы  
ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» ордені  
мен «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік  
ерлігі үшін», «Германияны алғаны  
үшін», тағы басқа ондаған ерлік  
медалдарымен марапатталған ол аман-  
есен тұтан топырағына оралады. Теніз  
жағасындағы жатаған үйге сағынышпен  
қарағаны сол еді жүрегі шымырлап,  
қоқ жасы төгіліп сала берген. Жатаған  
үйлері жермен-жексен болыпты.  
Артында анырап қалған анасы мәңгілік  
сапарға кеткен. Ал, қуғын-сүргіннің  
құрбаны болған әкесі елге қайта  
оралмаған. Майдандағы тетелес інісінен  
де хабар-оңар жоқ. Десе де, «Атадан ұл  
туса иіт, ата жолын қуса игі» дейтұғын  
атам қазактын ұранын пір тұтқан ол  
Пусырман қажы әулетінің тұрмыс-  
тауқыметін өз мойнына алады. «Халық  
жауының баласы» бақылауда болады.  
Ол бай болма, болмаса бастық болам деп  
басын иген жоқ, қайта елдің рухы үшін  
басын тау мен тасқа ұрғылауға әзір еді.  
Әділдік үшін, азаматтығы үшін таласқа  
түсіп, дау-жанжалдан тартынады.

Өмірдің соқпағы мен тоқпағына  
төтеп берген Жүсекен ұлағатты  
ұстаздық жәсібіне қайта оралып, кіндік  
қапы тамған ауылдағы мектепте  
физика-математика пәнінен дәріс береді.  
Араға жыл салмай жатып-ақ «Қызыл  
жұлдызды» жауынгер, коммунист  
Жүсіпбекке Қазалы қаласындағы №17  
орта мектептің директорылық қызметі  
табысталады.

Абыройлы қызмет атқарып, ел  
енесісін тіктеуге өлшеусіз еңбек сіңірген  
Жүсекен араға үш жыл салғанда «халық  
жауының баласы» атынан арылып, 1949  
жылы соғыстан кейінгі күйзелістен ел-  
халықты арылту мақсатында ашылған  
Қазалы ауданындағы өнеркәсіп ком-  
бинатының директорылығы қызметіне  
тағайындалады. Ел экономикасының  
дамуына етене араласып, Еңбекшілер  
депутаттары аудандық кеңесінің бір-  
неше шақырылымдарының депутаты  
болып сайланып, халық қалалуысы  
атанады.

\*\*\*  
1946 жылдың тамыз айы болса керек.  
Мұғалімдердің аудандық мәслихатына  
Қазалы ауданының түкпір-түкпірінен  
ұстаздар қауымы ағылып келіп жатты.  
Алдыңғы сыйлы болар, Жүсекен  
сол кезегі Сарытоғай ауылындағы  
сеңгізжылдық мектеп директоры Күлзипа  
Төлегенова есімді ханыммен табысып,  
шаңырақ көтереді.

Көнеқоздердің айтуынша, Күлзипа  
ханым да текті әулеттің мүшесі. Оның  
атасы Шарабас көзі ашық, көкірегі ояу,  
төрт түлік малы түгел зиялы азамат  
болған.

\*\*\*

– Менің нағашы атам Шарабас,  
– дейді әңгіме үстінде Болатбек  
Жүсіпбекұлы, – үш рет Қыдыр көрдім  
дейді екен. Ол баламын қолынан  
май жаладым, немеремнің қолынан да  
май жаладым, енді, міне, шөберемнің  
қолынан май жалап отырмын. Енді  
мен жұмаққа барамын. Қыдыр маған  
текпен-тек келген жоқ, демек артымда  
қалған ұрпақтарыма бақ-береке береді»  
депті. Айтса айтқандай, Жүсіпбек



әкемізбен бас қосқан Күлзипа анамыз  
да ұл-қыздарының қызығына кенелумен  
өмірден өтті гой.

Жүсіпбек пен Күлзипа дүниеге үш  
ұл, үш қыз әкеліп, тәлімді тәрбие беріп,  
бақыт құшағына кенелумен тұмыр  
кешеді. Өкініштісі сол, 1961 жылы,  
яғни Жүсекен бары-жоғы 42 жасында  
дүниеден мезгілсіз озған. «Ата көрген оқ  
жонар, ана көрген тоң пішер» дегендей,  
шүкір, олардың ұлдары – ұяға, қыздары  
киіңа қонып, елдері үшін емірене еңбек  
өтүмен жүр.

Үлкендері Болатбек Жүсіпбекұлы  
Қазалы, Арал аудандарында басшылық  
қызметтерде болып, бүгінде осы екі  
ауданның «Жұрметті азаматы» атағын  
иеленген. Оң үш жыл бойы Қызылорда  
каласының «Жылжымайтын мүліктер  
орталығының» директоры қызметін  
абыройлы атқарған ол бүгінде құрметті  
еңбек демалысында. Жүсіпбектің  
немересі Шыңғысхан Болатбекұлы  
Астана қаласында Бас прокуратурада  
қызмет етеді. Ал, Жүсіпбекқызы  
Гүлжамал Шымкент қаласындағы  
технологиялық университетінің белгілі  
ғалымы, профессор, қызы Әлимира  
Бекмұраева – медицина ғылымының  
докторы, профессор.

Жүсіпбекұлы Марапбек – құрылыс

инженері, Қазақстан Республикасының

құрметті құрылысшысы болса,

Жүсіпбекұлы Әділбек – Ұлттық

кауіпсіздік комитетінің белді

қызметкері, қызы Айжан Мәскеудегі

Қазақстан елшілігінде. Ал, Жүсіпбек

қыздары Гүлбақыт ұстаздық қызметте

жастарға тәлімді тәрбие беріп жүрсе,

Гүлмайрам адам жанының арпашысы-  
дәрігер, жолдасы Кәрібозов Бағым үш

ауданда прокурор болып қызмет істеген.

\*\*\*

– «Мен қазақтың, мың өліп, мың

тірілген,

– деп Жұбан ағамыз жырылағандай,  
қайсар қазақтың басына не келіп, не

кетпеді дейсін. Қазақ – мал баққан,  
найзаға үкі таққан, елдікті саятқай,

дәм-тұзды ақтай білген халық. Десе  
де, жоғарыда айтқандай, қазғамның

кабырғасын қайыстырған атқандақ  
тұстар, зұлмат жылдар да жетерлік.

Сол бір сұрқия заманда жазықсыз жапа  
шегіп, қуғын-сүргіннің құрбаны болған

Алаштың айтулы азаматтарын түгендеу  
онай емес. Менің әкем Жемек Жүсіпбек

те сол заманда көргендері мен көңілге  
түйгендерін ұрпақтар санасына сіңірулі

парызым деп санаймын, – дейді Болатбек  
Жүсіпбекұлы толғанис үстінде отырып.

\*\*\*

Еркін ӘБІЛ,

Халықаралық Жаушылар

одағының мүшесі.

Ол 19 жасында өзі сұранып, майданға  
аттанған. Намыс пен күш-жігер қамшылыған  
қазақ баласы 1941 жылы Воронеж  
қаласындағы офицерлер курсында әскери  
дайындықтан өтеді. Содан тұп-тура бес  
жыл соғыстың бел ортасында жүріп, жеңісті  
жақындатқан. Сарбаздың алдында екі  
таңдау тұрады: берілу не қалайда беріспеу.  
Ол азапты болса да соңғысын таңдады,  
азаматтық борыш, перзенттік парызға  
адальдық танытты, абыроймен елге оралды.  
Бұл Ұлы Отан соғысының қайтпас қайсар  
сарбазы Кеңшілік Жылқыбаев еді.

Ол Жалағаш ауданының Мақпалкөл  
ауылында дүниеге келген. Елжіреген ата-ана,  
алқалаған ағайын, қалың елдің қандайлығы  
жастарына берген тәрбиесінен көрінеді.  
Байқасақ, бозбала Кеңшілік ағайынға жақын,  
батыл әрі өжет болыпты.

Соғыс бітті. Жеңіс жетті. Жауынгерлер  
туған жерге оралды. «Отан соғысы» ордені  
бастаған медальдар Кеңшілік атаның  
шинеліне сән берді, қоллаштаған көпшіліктің  
құттықтауы толастаған жоқ, қайда барса  
да торқалы той, думанды орта қарсы алды.  
Бірақ ол атакқа бар, амалға жоқ азаматтардың  
қатарын толтырмады. Есегіңреп қалған  
елдің, балалық шақтың қызығын көрмей,  
қатал соғыстың қиындығына арқасын тосқан  
балалардың жағдайын есінен шығармады.

1947 жылы қалын елді қуанытып, Еңбекші  
колхозында 4 жылдық мектеп ашылады.  
Озық ойлы, ділмәр тілді, білімпаз азамат  
бірден мұғалімдікке қабылданады. Содан  
1953 жылға дейін «мектептің жүрегі»,  
бала бағбаны болады. Онан кейінгі  
қызмет сатыларына қарасақ, «алмас  
қалыштың қын түбінде жатпағанын»

## АСЫЛДАРЫМ, ЖҮРЕГІНДЕ КӨКТЕТКЕН ҒАСЫР ДӘНІН

**Бұрын ауыл көшелерінде  
қаздай тізіліп келе жатқан  
ақсақалдарды көргенде жаңау  
былай тұрсын, көлік тоқтай қалып  
сәлем беретін.Қазіргі біз бір-  
бірімізге алыстан амандасамыз.  
Жылы жаққа қайтқан қаздардай  
қариялар да көрінбейді.**

Олардың өн-бойынан өнеге тарап тұра-  
тын. Бірлене бүдіріліп қойған жас «балам,  
үят болады» деген сөз естисе, енді қайтып сол  
шалдан ескерту алмауға тырыспатын. Олар  
бізді «тұт болады» деген бір ауыз сөзбен  
тәрбиеледі. Жүрген-тұрғандарының өзі тәр-  
бие. Өткен жолдары тарих.

Артына қиындық қалдырмай, бар азап-  
ты өздері арқалады, бар бейнетті өздері  
көрді. Арпалыс пен күрестен тұратын жиыр-  
масыншы ғасырдың дәнін солдырмай,  
бақшасын бізге, бүгінгі күнге тарту етіп кетті.  
Ұлы Отан соғысы деп аталған сұрапылдың  
оты мен оғынан аман шығып, тұтан жерін  
түлетіп, артына саналы ұрпақ қалдырған сол  
бір сүйегі асыл шалдардың арасында Ыдырыс  
Смайылов пен Сәмид Рахманбаев та бар еді.  
Бір топырақтың соң перзенті өмірде ағайын  
болды. Араларындағы жиырма жасты құдай  
құда қылып, тіпті жақындатып жіберді.  
Жеңістің 73 жылдық мерекесінде осы  
кеудесі кенен, тұлғасы берен екі әкемізді тағы  
бір еске түсірідік.

Олар соғыс жайлы сұраған біреу болмаса  
әңгімелей бермейтін. Көрген жақсылықтарын  
көбірек сөз қылатын. Майдангерін деп  
маң-маң басқанын көрмедік. Қарапайым  
елді. Көрген, кешкен азапты тағдырларын  
кейінгі ұрпақтың бақыты үшін төк  
етіп, шүкіршіліктерін қайта-қайта айтып  
отыратын, жарықтастыр.

\*\*\*  
Ыдырыс Смайылов 1904 жылы қазіргі  
Шкелі ауданы Тартоғай ауылының тұсынан  
өтіп жатқан Сырдарияның сол жағалауында  
өмірге келген.

Комсомелеу, колхоздастыру, қуғынға  
құқайларын бастап өткерген. Пәтима есімді  
әулет қызымен бас қосып, 1938 жылы Айнаш  
есімді қыздың әкесі болады. Осылайша,  
қоңыр тірлігін кеше бермек еді. Бірақ, заман  
түземеді. Соғыс басталды. Әкесі Смайылов  
молда деп қудаланған өкімет өзін қырық жасқа  
шыққан шағында майданға аттандырды.

Жау әскер қатарында болған жауынгер  
Смайылов соғыстың ең ыстық ошағы саналған  
Сталинград майданына түсті. Жерден  
көтерілген адам басының әл-сәтте денесін  
тастап домалап бара жатқан сұмдығын көруге  
қандай шыдамды жүрек керек екенін біз біле  
бермейміз. Қасында сөйлеп тұрған адамның  
бұрылып жауап берем дегенше жәһаннамға  
кетіп жатыр. Суша сапырылған топырақ,



анғарамыз. 1953-1960 жылдары колхоз  
партия ұйымының хатшысы, 1960-1963  
жылдары колхоз төрағасының орынбасары  
қызметтерін атқарған. 1963 жылы жер-жерде  
совхоздардың қайта жасактала бастағаны  
белгілі. Сол кезеңде құрылыс бөлімінің  
жұмыс жүргізушісі, бригадир болып, ауыл  
шаруашылығы саласында түрлі қызметтер  
атқарады. Ел ішінде «Екінші Дүниежүзілік  
соғыста Сталин қай жақта майдан қиындаса,  
маршал Жуковты сонда жұмсаған» деген  
аңыздай әңгіме бар. Кеңшілік Жылқыбаев  
та ауылда сол Жуковтан кем болған жоқ. Қай  
салада қиындық тумасын, елендеп, қолдан  
келсе іске кірісіп, ағайынның кем-кетігін  
толтырып, сасқанға сая, асқанға тосқан бола  
білді. Жас шағында «жігіттің төресі» болса,

пайғамбар жасына жеткенде «ұлы мұхиттың  
кемесіне» айналғанын, жақсылығын көп  
көрген аудан жұртшылығы жиі айтатын.  
«Жеті өзеннің сағасындай болып» дана  
қарттыққа жеткен соғыс және еңбек ардагері  
Кеңшілік Жылқыбаев 2006 жылы 84 жасында  
дүниеден өтеді.

Жауынгер Жылқыбаевтың соғыста

– сертке, елге оралған соң еңбекке адал

болғанын бағамдадық. Сенім – ердің серігі,

ол ел сенімін ақтады. Қан майданда от кешіп,

ел дегенде қара нардай қияспай қызмет

еткен Кеңшілік атаның артында жарқын із

бар. Ол бүгінгі азаматтарға айнымас үлгі.

Айлана ЖҰМАДИНОВА,

«Сыр бойы».

суылдаған оқ, сұмандыған жалын.

Ыдырыстың бүйірінен тиген оқ бірнеше  
кабырғасын сындырып кетті. Сөйтіп, төрт ай  
госпитальда жатты. Бұл бейбіт күнде бір жыл  
дұрысынан жаракат қой. Бірақ ол қолына  
винтовкасын кезең ұстап, тағы да майданға  
кірді. Бітіп болмаған сынығы сыздатып, сол  
бетімен 1945 жылғы 9 мамырды Берлинде  
қарсы алды.

Осыдан бір жылдан соң елге оралып,  
шаңырағының шаттығын еселеп, елдің енесі-  
сін тіктеуге аталысты. 1951 жылы Үмітқұл  
дүниеге келді.



Елінің амандығын, екі қызының өмірін,  
бақытын тілеп, қарт жауынгер Ыдырыс  
Смайылов 1984 жылы мәңгілік сапарға  
аттанды.

\*\*\*  
1925 жылы 6 мамырда Тартоғай аулында  
туған Сәмид Рахманбаев соғыс басталғанда  
16 жастағы бозбала еді.  
Жасынан өткір, өжет болып өскен  
Сәмидті 18 жасқа толысымен әскерге алып  
кетті. Әскерге емес, соғысқа кетіп бара  
жатқанын, топқа түсуге емес, отқа түсуге  
бара жатқанын жақсы түсінген жас жігіт  
епшенгенде сенсеңбеді. Кеудесінде жауға деген  
кек тұтанып үлгерген, жеңіспен ораламсыз  
деген сенімі серпіліп тұрды.

Алдымен өзбек жеріндегі дербес  
байланыс полкіне түсті. Осы жақта  
байланысшылар курсында Морзе оқуын  
үйренді. Зерек жас бұл мамандықты тез  
менгерді. Соғысқа кірген күннен бастап,  
1-ші және 4-ші Украин майданының арасын  
байланыстыратын жауапты міндетті атқаруы  
оның бұл мамандықтың техникалық сыры  
мен әскери құпиясын жетік меңгергендігін

көрсетеді.

Негізгі байланыс полкі қай кезде  
жауларын басты нысанасы болған. Жау күші  
мүмкіндігінше байланысшылардың көзін  
жоюды бірінші кезекке қойған. Сондықтан  
Сәмид өзінің жауынгерлік жорықтарында  
үнемі аса қауіпті аймақта болды. Сол азыған  
ажаддың қасбетінде жүріп, ерлік үлгісін  
көрсеткен ол Киевті, Харьковті, Тернопольді,  
Тарнугы азат етуге қатысты. Осы ханнан  
кешкен шайқаста аяғынан, арқасынан  
жараланған байланысшы-жауынгер жан  
қиналысын жеңіп, сапқа қайта қосылды.

Соғысты жеңіспен аяқтаған соң, әскери  
қолбасшылық байланыс қыр-сырын жетік  
білетін Сәмидті әскерде қызмет етуге онан әрі  
қалдырды.

Осылайша жеті жыл әскер қатарында  
болып, омырауында орден-медалі жарқыраған  
жеңімпаз елге оралды.

Дүрия есімді көңілі жарасқан жаспен отау  
құрды.

Ферма менгерушісі, жұмысшылар коми-  
тетінің төрағасы, егіс бригадирі болып, Тар-  
тоғай қой совхозын өркендетуге өз үлесін  
косты.


Алты перзентін аяқтандырып, құрмет  
төрінен түспей, тоқсанға қараған шағында  
дүниеден өтті.

Бүгінде Сәмид әкейдің ұлы Өтеп пен  
Ыдырыс ақсақалдың қызы Үмітқұлдің отбасы  
жеңіс күні келген сайын елдік пен ерліктің  
сипатын кеуделеріне қатп сынды



ЕҢБЕК ЕРІ

# ШОПАН ДАҢҚЫ



**Кеңестік кезеңде құт қонған қарт Қаратаудың баурайын жайлаған Жаңақорған топырағынан 13 Социалистік Еңбек Ері шықты. Солардың бірі сонау зұлматты жылдары ақтылы қойды ұрыға қақтырмай, қасқырға тарттырмай, жыл сайын отардан отар туындатып, төл түлігімізді төскейге толтыруға зор үлес қосқан шопан Орынбай Бидашев еді.**

Орынбай – Бидаш ақсақалдың Жаратқанға жалбарынып жүріп, көп жылдан кейін көрген баласы екен. Қиын-қыстау заман Орынбайды бала боп ойнаттырмады, қой соңына салды. Ол еңбекке жастай араласып, ерте есейді.

Қазақтың басына түскен тағы бір дүрбелен – Ұлы Отан соғысы басталған тұста, Орынбай Отан қорғау мақсатында аудандық әскери комиссариатқа бірнеше рет барып, етініш білдіріпті. Бірақ, сол кездегі Үкімет пен партияның нұсқауына байланысты, ол тылдағы ауылшаруашылық ісіне қалдырылды. Сөйтіп, небәрі 17 жасында Төменарық ауылындағы мал шаруашылығында қолына шопан таяғын ұстап, еңбек жолын бастады.

Қырқыншы жылдардың басында Қазақстанда қарақөл қойын өсіру қолға алынғанда, ол мемлекетке 2685 дана қарақөл елтірісін бірінші сортепен тапсырған. Ал оның соғыс кезіндегі орасан зор еңбегі көпке үлгі болды. Аянаы баладан, ағаны нінден, азаматты жарынан айырған сұм соғыс аяқталған соң да, адал еңбегін пір тұтқан Орынбай шопанның ақ таяғын қастерлеп ұстады. Еткен еңбек, тоғілген тер ақталды да. Одақтың кезіндегі тоғызыншы бесжылдықтың қорытындысы бойынша, әр жүз аналықтан 170-тен аса қозы алды, мал басын жыл сайын аман сақтаған Бидашевтің омырауына «Еңбек Қызыл Ту» ордені тағылып, «Қазақ ССР-нің ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілді. Сол кезде Сыр сұлейі, Қазақстанның Халық ақыны Манап Көкенов:

Табысың тасқын Орекен,  
Аймаққа мәлім ер едің.  
Еңбегіңмен тер төгіп,  
Елденді, оған сенемін!  
Ұзақ жылдар қой бағып,  
Бір шаршадым демедім.  
«Қой – баққанға бітеді»  
Қозыға толы көгенім.  
Майлы ет пен жүннен де,  
Жыл сайын таптың көп өнім.  
Қойың тіпті қонды екен,  
Сұраулап сырттан келемін...  
Өнеген көп өзгеге,

Арта берсін беделің! – деп, жырдан шашу шашып, шопанға дем берді. Еңбегінің еленіп, еш кетпегеніне шопан да қуанды, ел үшін еңбек етуді азаматтық парызы санады. Үкімет берген сый-құрмет оған екі есе жауапкершілік жүктегенін ұғынды. Таңның атысы, күннің батысы, білекті түріп, белді бекем буып жұмыс істеді. 1975 жылы әр жүз аналықтан 228-ден төл өргізіп, 400 қозыны өсімге қалдырды. Сөйтіп, облыстық рекорд жасады. Бұл – сол уақытта бағалы бастама, үлкен жаңалық болды. Елдің бәрі елең етті. Тұрымтайдай ғана шопан жасаған ерлікке таңғалды. Тастай қараңғы меніреу түнді, маңдай алдыңнан соққан қарлы боран мен үсірік желді, түстіктен түйіле шыққан қою кара бұлтты, шелектеп төгілген нөсерді, лапылдаған ыстық ауаны, қой торыған аш қасқыр мен қаракшы ұрыны ұмытып, «қой баққанның несі қиын екен, астында азынаған ат, үстінде жылы киім, жегені ет» деп көлгірсі сөйлегендердің аузына құм құйылды.

Ол мұнымен де тынбады. Малды күтіп, бағуға тың өзгерістер енгізді. Бұрынғының шаруалары бекіткен «қой қыста су ішсе, көк ішек болып ауруға шалдығады» деген қағидағын бұзып, өз тәжірибесінде қыста құнарлы шөп пен жем жеген малдың шөлдегіш келетінін дәлелдеді. 1976 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 10 наурыз күнгі жарлығымен Орынбай Бидашевқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сондай-ақ, Кеңес дәуірі кезінде Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық көрменің 7 рет жеңімпазы атанды. Бұл қуанышты аудандық, облыстық, республикалық газеттер жарыса жазды. Дүлдүл ақын Манап Көкенов тағы да шопанның еңбегін арқау етіп «Шыңдағы шынар» атты көлемді еңбек арнады.

Орынбай Бидашев – майталман малшы болумен қатар, ойындағысын орнықты түрде жеткізетін, елдің, жердің тарихы жайында шежірелі сыр шертетін, көзі ашық, көкірегі ояу жан еді. Қой баққан ғұмырындағы тосын жайттарды түрлі басқосуларда, кездесулерде айтып жүретін. Әсіресе, «қойшы болу – қой соңында салпақтау емес» деп, ата кәсіптің қыр-сырын баяндағанда арқаланып кететін.

Шопан атаның құтты таяғын жарты ғасырдан астам уақыт ұстаған, бар ырыс-несібесін момакан қойдан тапқан Орынбай Бидашевті халқы да көзі тірісінде абырой атаққа бөледі, мерейін үстем етті. Елағалары 1994 жылы еркін күрестен Орынбай Бидашев атындағы облыстық жарыс ұйымдастырды. «Жаңақорған ауданының құрметті азаматы» атандырды. Жұбайы Зейнарап Бегімсейітқызы – 11 баланы дүниеге әкелген алтын құрсақты бағыр ана. Ерлі-зайыптылар тарихтан тартқан тақсиретіне мойымай, ұлды – ұяға, қызды қияға қондырды.

Асыл ерінің есімін елі де ұмытқан жоқ. Еңбек ерінің 95 жылдығы қарсаңында Жаңақорған кентіндегі көшеге Орынбай Бидашевтің аты берілді.

Ісіне зор бағасын ел береді, Әкеміз жан еді бір зор беделі. Аймақтың атын жұртқа әйгілеген, Ауданның мақтанышы, Еңбек ері.

Өмірді іргелі іспен көркемдеген, Қалдырды мол гибрат ертеңге ерен. Шалқытты шаруасын, талмай, тынбай, Туған жер содан дамып, өркендеген.

Сара жол ұрпағына салып берген, Бейнесі орын алды анық төрден. Құрметтеп көше берді атамызға, Жазылды есімі алтын әріптермен!

Сияқты алға ұзаған даңғыл дара. Әрдайым ұл-қызына болған пана. Зейнарап анымыз да елге үлгі боп, Өсіріп, ер жеткізді оң бір бала.

Өмірді бүгін біздер білсек танып, Жүрсең те қуанышпен, мың шаттанып. Ол асыл ата-ананың арқасы ғой, Бейнесі жадымызда тұр сақталып.

Гүлжан ОРЫНБАЕВА.

**Бейбітшілік сүйетін әлем елдеріндегі миллиардтаған адам секілді Ұлы Жеңіс мерекесін мен де асыға күтемін. Бұл – күллі адамзат баласының ортақ мерекесі. Қармақшы жерінен сұрапыл соғысқа 5 мыңнан астам сарбаз қатысқан. Соның бірі – нағашым Жалғасбай Сыздықов.**

Ол 1909 жылы Қармақшы ауданына қарасты №1 ауылдық кеңесі, қазіргі Қызылтам елді мекенінде өмірге келген. Соғысқа дейін Жосалы механикалық зауытында темір ұстасы болып еңбек еткен. Көзі тірісінде әкеміздің айтуынша, Жосалы механикалық зауыттың стратегиялық мақсаттағы соғыс жабдықтарын шығаратын өндіріс орны болуына байланысты, әдепкі лектегі әскерге шақырылғандардың қатарынан оны босатады. Дегенмен, ол бірнеше зауыт жұмыскерлерімен бірге қайта-қайта соғысқа сұранып 1942 жылдың 15 маусымында майданға аттаналды. Орынбор облысындағы Токский жаттығу полигонында қысқа мерзімді әскери оқу-жаттығудан өтіп, әрі қарай соғысқа аттанған. Бірнеше ұлттың өкілдері жұмыс істейтін зауытта еңбек ете жүріп, орыс тіліне машықтанған нағашы әкеме оқу-жаттығудың үздігі ретінде, 357 атқыштар дивизиясы, 1190 атқыштар полкі командирінің бұйрығымен ефрейтор әскери атағы беріледі.

Жауынгер Жалғасбай әдепкіде Сталинград майданындағы жан беріп, жан алысқан канқұйлы шайқасқа қатысып, жаракат алып, далалық госпитальда емделіп шыққан соң, 1 және 3 Прибалтика майданындағы 245 атқыштар дивизиясының 411-ші дербес саперлік батальон құрамында неміс фашистеріне қарсы ұрысқа түсіп, көрсеткен ерліктері үшін бірнеше рет жауынгерлік орден-медалдармен марапатталады.

Бүгінде қолымызда әкеміздің сол сұрапыл жылдардағы жауынгерлік жорықтағы ерліктерін айғақтайтын бірнеше архивтік құжаттардың мәліметі бар. Ол 1946 жылы омырауына екі «Қызыл жұлдыз», III дәрежелі «Данқ», I дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы ҰОС-да Германияны жеңгені үшін»

медалдарын тағып елге оралды.

Батыр тұлғалы жауынгер Жалғасбай әкеміздің алқашқы жауынгерлік-мемлекеттік марапаты – «Жауынгерлік ерлігі үшін» медаліне ұсынған 357-атқыштар дивизиясы, 1190 атқыштар полкі командирі подполковник Жусяк пен штаб бастығы, капитан Счастивцев қол қойған 1943 жылдың 24 қазанындағы ұсыныс-құжатты аудармасыз сол қалпында келтірсек...

«... тов. Ж.Сыздықов при форсировании переправы реки Еменка первым выдвинулся с пулеметом и открыл огонь вдоль болышака «Невель-Великие Луки» по огневой пулеметной точке противника, которую и подавил, дав возможность стрелковым подразделениям переправиться через реку и овладеть болышаком. Под дер. «Червухино» тов. Ж.Сыздықов активно поддерживал наступавшие части огнем пулемета, не давая возможности противнику вести огонь, где и был ранен» делінген екен

Жанқиярлық ерліктерге толы жауынгерлік жорық жолынан өткен әкеміз қатаң тәртіптің адамы болған еді. Ол соғыстан кейін елімізде халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруде де қатаң тәртіптегі темір жолда еңбек ете жүріп, аудандық кеңестің депутаты болып сайланды, коммунистік партия қатарына қабылданды, қоғамдық жұмыстарға да араласты. Біздер оның «мен сөйтіп едім» демеітін нағыз ерлік істің адамы екенін бала күнімізден көріп өстік. Әкемізді өз ұрпақтары мен жисндері бәріміз «папа» дейтіміз. Сонау алыста қалған бала кезімде ата-анаммен Жосалыға сапарлап барғанымызда оның жанында отырып, кеуесіндегі орден-медалдарын қызыға ұстап: «Папа, мына орден-медалдарыңызды қандай ерлігіңіз үшін алдыңыз?», – дейтінмін.

Сонда ол өзінің өн бойындағы салмақты да сабырлы қалпында: «Балам, ұрыста

ған. Ескере кететін жайт, биыл ауа райының қолайсыздығына байланысты күріш егу бір аптаға кешейілдеп отыр.

Сонымен қатар, көктемгі дала жұмыстарының барысы, егіс алқаптарын әртарапталдыру жөнінде «Ы.Жақаев атындағы Күрші ғылыми-зерттеу институты» ЖПШ директоры Серікбай Өмірзақов, «Шаған Жер» ЖПШ төрағасы Бердіқұл Қалдыров және басқа да жауапты мамандар хабарлама жасады.

«Шаған жер» серіктестігінің үлесінде 5000 гектарға жуық егістік алқабы бар. Қазірде мұнда 350-ден астам адам еңбек етеді. Былтыр күріштің әр гектарынан 58 центнерден өнім алған серіктестік биыл да жоғары межеден көрінуді міндет етіп отыр.

Шаруалар үшін маңызды мәселенің бірі – тынайтықшы тандау және оны қолдану әдіс-тәсілдерін талапқа сай орындау. Бұл ретте дала семинарына арнайы мамандар шақыртылған. Олар тынайтықштар төңірегінде кенінен түсіндірме жүргізді.


Біздің мұнда ауыл шаруашылығы саласы мамандарына тынайтықштарға тапсырысты уақытында беру мәселесін және оны алу жолдарын түсіндіріп жатырмыз. Осы арқылы олар процент көлемінде субсидияға ие болады. Аммофос минералды тынайтықшының және фосфориттің ұсынымыз. Фосфориттің тұзды жерді тынайтаудағы әсері ерекше. Бізде бұл тынайтықшытың мол қоры бар. Сондықтан облыс әкімдігімен жасалған келісімге сәйкес тегін береміз. Шаруалар тек тасымал шығынын төлейді, – делі «Қазфосфат» ЖПШ бас менеджері Альберт Юн.

Семинар барысында мамандар жоңышқа тұқымын жаңарту жайын да ойласты.

Бүгінде қолданыстағы жоңышқа тұқымының тозығы жетіп, шығымдылығы азайған. Мұндай мәселе бау-бақша мен өзге де дөңді дақылдарда кездеседі. Сондықтан аймақта түрлі бағыттағы тұқым шаруашылықтарын дамыту қажеттілігі туындап отыр. Сондай-ақ, егістік көлемін көбейте бермей, еңбек өнімділігін арттыруға баса мән беру қажет, – делі облыс әкімінің орынбасары Серік Қожанизов.

Жылжандар араласала ғылыми жетістіктерді енгізу арқылы бұл мәселелерді еңсеруге болады деген ортақ шешімге келді.

Шынар БЕКБАН,  
«Сыр бойы».



## ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫ

көптен бірге болдым,ерлікті сонда өлгендер жасады» деуші еді. Әкеміздің аузынан «соғыс» деген сөзді естіп көрмеппіз. Әрдайымда біз: «соғыс жайлы әңгіме айтыңызшы» дегенімізде: «ұрыс ешқашан қызық болмайды» дейтін. Ол ешқашан басқалардан айрықша құрмет күтпейтін-ді. Ұрпақтарын да осылай тәрбиеледі. Енді жауынгер рухты әкеміздің өзін білетін турашыл, әділдікті ту еткен адал алам ретіндегі бірер жағдайға тоқтала кетсем.

Ұлы Отан соғысында көптеген ерлік көрсеткен II топтағы соғыс мүгедегі ретінде оған да Кеңес Одағы тұсында әрбір жеті жыл сайын мемлекет тарапынан жеңіл автокөлік беріліп тұрды. Әкеміздің өз балаларының бірінде жеке көлік болса, бірі көлік жүргізушісі еді. Ал, оның өзі ешқашан көлік мініп қыдыр ыстамайтын. Өйткені, ол зейнеткерлік демалыста болса да, өз үйіндегі ұстаханасында тынбай еңбек етуші еді. Тек

балалары демалыстарында ғана пайдаланатын. Ал, турашыл әкеміз болса көлігіне тоқсан сайын жанармайға берілетін өтемақшадан көбіне бас тартатын. Сонда ол: «Далада шашылып жатқан дүние мемлекетте де жоқ» – дейді екен. Ол сексеннен асқан шағында сырқаттанып жатқан әкеміздің көңілін сұрай келген еді. Нағашымның аптап ыстықта автобуспен жүргенін білген әкем қайнағасы Жалғасбайға:

– Жәке, Құдайға шүкір, көлігіңіз бар, оны жүргізетін баланызда бар, күн ыстықта автобуспен жүріп шаршайсыз ғой деген еді. Сонда сал ойланыңқырап:

– Әзір жүріп-тұруға шамам жетеді, баланы мекемнің жұмысынан қалдыруға болмайды,

– делі. Сонда да болса жасы келген нағашымның қамын жеген әкем:

– Жәке, қайтар жолыңызда мына жиенің көлікпен апарып салады деп, – мені иегімен мензегенде ол тағы да:

– Жок, Болатжанның қызыметі тіптен жауапты, өзім қалай келсем, солай қайтамын, – деп кесіп айтқан еді, жарықтық турашыл нағашым.

Тарих таразысында күні кешегідей күркірей өткен сұрапыл соғыста жанқиярлық ерлік жасап, көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болған қармақшылық соғыс және еңбек ардагері, нағашы әкем Жалғасбай Сыздықов 2006 жылдың сәуірінде 98 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Ұлы Отан соғысында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен қармақшылық жауынгер Жалғасбай Сыздықовтың да өнегілі өмір жолдары кейінгі ұрпақ үлгі тұтар гибратқа толы.

Болатбек НҰРЖАНҰЛЫ,  
ІІО ардагері,  
Әлем халықтары  
Жазушылар  
одағының мүшесі.

Елімізде экономиканың экспорттық-шикізаттық даму түрінен инновациялық дамуға көшу бағыты алынғаны баршаға мәлім. Бүгінгі күні инновациялар ұлттық экономикалардың және қоғамның әл-ауқаты деңгейінің тұрақты дамуының көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар жаһандық бәсекенің маңызды факторына айналған. «Инновациялық сын-тегеурін» әлеуметтік, экономикалық және саяси маңыздылығына байланысты елдің ұлттық мүдделерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін күшті зияткерлік әлеуетті талап етеді. Көптеген әйгілі зерттеуші-ғалымдардың ойынша, инновациялық экономиканы құру – ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің басты факторына айналуы тиіс.

## ЗИЯТКЕРЛІК КЕШЕН – ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ИГІЛІГІ

Зияткерлік әлеует қазақстандық экономиканың өсуіне күтілетін маңызды ықпал ету үшін оны басқарудың тиімді ұйымдық-экономикалық механизмін құру қажет. Ол механизмнің негізгі элементі дамуың баламалы нұсқаларын ескеретін, болашақтың мүмкін нұсқаларын, жаңа тенденциялары мен мүмкіндіктерін болжау болып табылады. Осы мақсатта дүниежүзілік тәжірибеді Форсайт басқару технологиясы қолданылады (ағылш. Foresight – «болашаққа көзқарас»). Бұл технология арқылы қызығым, технологиялардың, экономика мен қоғамның ұзақ мерзімді перспективаларын бағалауға болады, нәтижеде ең жақсы әлеуметтік-экономикалық игіліктерді тұдыратын жаңа технологиялар мен зерттеулердің стратегиялық бағыттары анықталады.

Бұл мәселені шешу барысында республиканың жоғары оқу орындарына ерекше міндет жүктеледі, себебі олар Қазақстанның жоғары сапалы зияткерлік әлеуетінің қалыптасуына белсенді қатысады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін Қазақстанның зияткерлік әлеуетінің ұйытқысы болып табылатын әртүрлі форматтағы жоғары деңгейлі жас мамандардың және зерттеушілердің негізгі ұстаханасы деуге болады. Бүгінгі күні университетте 15 факультет өздерінің көптеген және түрлі жоғары сапалы білім бағдарламаларын белсенді ұсынады, олардың ішінен Экономика және бизнес жоғары мектебінің орыны ерекше. Бұл мектептің түлектері республикамыздың жоғары билік орындарында қызмет көрсетіп жүрген көптеген заманауи топ-менеджерлері, әртүрлі министрліктер басшылары холдингтер және қорлардың президенттері, ірі ұлттық компаниялар мен кәсіпорындар жетекшілері. Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады және олардың қатарын жыл сайын жоғары деңгейлі, заманға сай құзыреттерді иемденген мамандар да толықтырып тұр. Осыған орай, еліміздің заманауи зияткерлік ұрпақтың қалыптасуына, оның өсіп-өрлеуіне маңызды үлесін қосқан Экономика және бизнес жоғары мектебінің, Экономика кафедрасының

жоғары біліктілікті профессорлық-педагогикалық ұжымның орыны ерекше екендігі сөзсіз. Оның ерен еңбегінің арқасында білім беруін барлық деңгейлерінде студенттер фундаментальді экономикалық білім алады.

QS «WUR by Subject» рейтингісін нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ соңғы екі жыл бойы әлемнің ең үздік 300 ЖОО тізіміне кіреді, университет алғашқы рет «Заманауи жаратылыстану» мамандығы бойынша әлемнің 101-150 ЖОО тобына енді. Бұл ҚазҰУ-ді әлемдік деңгейдегі зерттеуші университетіне айналдыру бойынша жүйелі жұмыстың үлкен нәтижесі.

Сонымен қатар, "Great Value Colleges" атты әйгілі халықаралық ұйымның зерттеулері нәтижесі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдегі 50 технологиялық жағынан аса дамыған университеттері рейтингісінде 31 орынға ие болғанын көрсетеді. Университетіміздің ғалымдарының әзірлемелері өндіріске іске қосылып, ғылыми жұмыстары рейтингісі жоғары журналдарда жарияланып тұрды. Осының арқасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Thomson Reuters" халықаралық агенттігінің «Ғылым саласындағы аса көрнекті жетістіктер үшін» атты арнайы дипломымен марапатталған Қазақстандағы алғашқы және бірден-бір жоғары оқу орны болды. Университет әлемнің беделді ЖОО-ларымен екі жақты диплом беретін білім алу жүйесін белсенді дамытып келеді.

Жылдан жылға жоғары білім беру жүйесі жетіліп келеді, бұл еліміздің зияткерлік әлеуетіне оң әсерін тигізеді. Инновациялар мен жаңа идеяларды жүзеге асыру еңбек нарығында талап етілетін маман болуға және еліміздің, халқымыздың игілігіне қызмет етуге мүмкіндіктер береді.

Д.РАХМАТУЛЛАЕВА,  
экономика кафедрасының  
PhD докторы,  
Ә.ҚАДІРБЕКОВА,  
«Экономика» мамандығының  
4-курс студенті.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АЛАҢЫ

**Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ нысандарымен танысу мақсатында БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті.**

Бұл мекеме 2011 жылы «Қызылорда» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ болып құрылып, 2013 жылы облыс әкімінің бастамасымен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы АҚ болып өзгертілген. Басқарма төрағасы Темірхан Кенжебаевтың айтуынша, корпорация 2011 жылдан бүгінгі күнге дейін кәсіпкерлермен және даму институттарымен біріге отырып ӘКК 62 жоба қабылдап, оның 32-сін іске асырған. Оның ішінде әлеуметтік, экономикалық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жер қойнауын игеру салалары бойынша бірлескен жобалар бар.

– ӘКК-ның басты мақсаты – мемлекеттік жекеменшік әріптестіктің дамуы. Яғни инвестиция тарту, жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсету, қолда бар өндірісті жаңарту және өзге жобаларды қолға алу. Осы тұрғыда 2013 жылы балық және күріш кластерін дамытуға кірістік. Қазіргі кезде балық өнімдерін шығаратын 5 кәсіпорын бар, шетелге өнім шығарып жатыр. Күріш кластерін дамыту үшін «Агрохолдинг Байқоңыр» құрылды. Қазірдің өзінде 47 мекеме бірігіп жұмыс істеп жатыр. Алдағы уақытта жер қойнауын игеруге байланысты жобаларды жүзеге асыруды қолға алатын боламыз, – дейді басқарма төрағасы.

Мұнан кейінгі бағыт Қызылорда қаласында орналасқан «Сыр-Балажаны» балалар шағын орталығы болды. 2014 жылдан бері жұмыс жасап жатқан орталықта 100-ге жуық бала тәрбиеленеді. Орталық заманауи ойын жабдықтарымен, жиһаз, техника және бейнебақылаумен қамтылған. Сондай-ақ, балаларға үш тілде сабақ жүріп, түрлі үйірмелер ұйымдастырылады. Бүгінде мекеме 30 адамды қызметпен қамтып отыр.

Сыр өңірінде құрылыс жұмыстарының қарқын алып, Қызылорда қаласының алып құрылыс алаңына айналғанына бірнеше жыл болды. Осы уақыт аралығында аймағымыз қопкабатты тұрғын үй тұрғызудан көптеген өңірден көш ілгері тұр. Құрылыс өнімдерін үй құрылысы комбинаты шығарады. «РМЗ-Шапағат» ЖШС қолға алған комбинат «WEILER» неміс компаниясының жаңа технологиясы арқылы сапалы бетон-қабырға, қаркасты-блоқты және қаркасты-тақталы үйлер мен әлеуметтік-мәдени нысандардың құрылысына қажетті темір-бетон конструкцияларының барлық номенклатурасын әзірлейді. Быыл комбинат сол жағалаудағы төрт

үйдің құрылысын жүргізетін болады.

Тілшілер қауымының келесі аялдаған нысаны – «Қызылорда автобус паркі» ЖШС болды. Автопарк жыл сайын үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустармен толысады. Мұндағы ерекшелік – қала көлемінде қызмет көрсететін үлкен сыйымдалықтағы автобустарға арналған тұрақтар, жанар-



май бекеті, көлік жуу алаңы мен автобустардың үздіксіз жұмыс жасауына жағдай жасайтын түрлі мүмкіндіктер қарастырылған. Автопарк 200 қоғамдық көлікке арналған. Онда 400-ге жуық адам қызмет жасайды.

– 2013 жылдан бері облыс орталығына 112 үлкен сыйымдылықтағы автобус әкелінді. Оның 20-сы облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа алынған. Бұдан бөлек, «Қызылорда автобус паркі» ЖШС



«Қызылорда қаласында автобус паркінің жұмысын ұйымдастыру және жолаушы тасымалы жүйесін жаңғырту инвестициялық жобасы» аясында Еуропалық қайта құру және даму банкі арқылы табиғи газбен жүретін 92 экологиялық таза автобус айналымға енгізіліп отыр. Бұл көліктер қаланың ең ірі 6 бағыты бойынша жолаушылар тасымалдауына болады, – дейді бас инженер Берік Мұхтаров. Елімізде атқарылы саланы да-



мытуға айрықша көңіл бөлініп, мемлекет дикандарға субсидия бөлу арқылы қолдау көрсетіп келеді. Сыр өңірінде де күріш кластерін дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жасалауда. Осы мақсатта «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ облыстағы үш өндірістік күріш элеваторының иесі саналатын «Жалағаш элеваторы» ЖШС үлесін сатып алды. Соның нәтижесінде аталған кәсіпорын «Агрохолдинг Байқоңыр» ЖШС болып қайта құрылды. Күріш өңдеу зауытының жобалық құны



тәулігіне 150 тоннаны құрайды. Элеваторда әрқайсысы 1700 тоннаға дейін күріш сақтайтын 9 қойма бар.

Серіктестік «Күріш дақылдың элиталық тұқымын сатып алу» инвестициялық бағдарламасы аясында 2016-2017 жылдары Ресейдің Краснодар өлкесінен 668 тонна элиталық күріш тұқымын әкеліп, шаруашылықтарға көбейтуге берген. Соңғы екі жылда 10006 тонна бірінші репродукциялы тұқым са-



тып алынған. Қазіргі таңда мекеме 47 шаруашылыққа қаржылай көмек береді.

– Елдегі күріш егетін майда шаруашылықтардың қабілетін арттыру, күріш егудің бүкіл агротехникасын сақтай отырып, сапалы өнім шығаруды қолға алу – біздің басты мақсатымыздың бірі. Жыл сайын «Агрохолдинг Байқоңыр» ЖШС көмегімен фьючерстік келісім-шарт негізінде аймақта күріш өсіру шаруашылықтарының қатары артады. Мәселен, 2015 жылы 27 шарт жасалса, 2016 жылы 27 шаруашылық қаржы алды. 2017 жылы 47 шаруашылықпен фьючерстік келісім жасалды. Нәтижесінде 26,8 мың тонна шикі күріш және 4,5 мың тонна тұқым жиналды. 2018 жылды көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін жалпы құны 1,3 млрд теңгені құрайтын 26859 тонна күріш тұқымын сатып алуға 34 шаруашылықпен фьючерстік келісім жасалды. Сондай-ақ, агрохолдинг биыл күріш егісі үшін себу дәрежесі 3-ші кластық деңгейдегі 4142 тонна бірінші репродукциялы «Лидер», «Фаворит» сорттарының тұқымдары дайындалып, өңірдегі шаруашылықтарға 110 теңгелен өткізілуде. Ал Краснодарлар әкелген элиталық тұқым «Тан ITD» ЖШС мен «Тонкерс К» шаруа қожалықтарының алқабина енгізілді, – деді «Агрохолдинг Байқоңыр» ЖШС-ның директоры М.Еспанов.

Мұнан кейін журналистер Сырдария ауданындағы «Шаған Агрофуд» ЖШС мал бордақшалау алаңы мен ет комбинатында болды. Комбинаттың жұмысы туралы «Шаған жер» ЖШС директоры Бердібек Қалдыров тарқата айтты.

Бүгінде мұнда құрылыс-монтаж жұмыстары жүруде. Жобаның жалпы құны – 637,1 млн теңге.

– Қазіргі кезде 67,3 млн теңге бөлініп, оған 200 бастан аса мал сатып алынды. Комбинатта ауысымына 20 бас мал сойылып, 200 келі ет өнділеді. Малды Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай қалаларынан әкеліп отырмыз. Барлық жем-шөпті өзіміз дайындаймыз. Жоба ағымдағы жылдың маусым айында іске қосылды деп жоспарланады, – дейді шаруашылық директоры.

Қай саляның болмасын жұмысына дем беріп, ел экономикасының әлеуетін арттыруда, аймағымыздағы үш жобалардың жүзеге асуына ұйытқы болып жүрген «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ-ның маңызы зор. Серпінді жобалардың бастауында жүрген корпорация әлі талай ауқымды жобаларды жүзеге асырмақшы.

Мейрамгүл  
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы».

## ЖОБА

**«2018 жылы арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы №1018 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы №30 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркелу Тізілімінде 14813 нөмірмен тіркелген) және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы №1-9/3559 қаулы сәйкес Қызылорда облысының әкімі **КАУ-Ы ЕТЕДІ**.

1. «2018 жылы арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы №1018 қаулысына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркелу Тізілімінде 6158 нөмірмен тіркелген, 2018 жылғы 7 жанды Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әлеуметтік басқару (әкімдік жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілген:

1. Корреляция коэффициенті бекітілген субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялау нормативтері мен көлемдері жаңа ресмиленді жасалды.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қолданады.

3. Осы қаулының орындауын басқару Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қосжановқа жүктелген.

4. Осы қаулы аяғымен ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **К. Көшербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «...» №... қаулысымен бекітілген

| Субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялау нормативтері мен көлемдері |                                                                                                                                                                                                                                       |                                                         |           |                 |
|----------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|-----------|-----------------|
| №                                                                    | Субсидиялау бағыты                                                                                                                                                                                                                    | 1 бірлікке арналған субсидияланатын нормативтері, теңге |           | Субсидия көлемі |
|                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                       | бас, тонна                                              | мың теңге |                 |
| Етті мал шаруашылығы                                                 |                                                                                                                                                                                                                                       |                                                         |           |                 |
| 1.                                                                   | Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу                                                                                                                                                                                          |                                                         |           |                 |
